

Рахманға дейін
асфальт төселеді
3-бет



Құрбан айт мерекесі
аталып өтілді
4-бет



Білім беру саласының
өзекті 12 мәселесі
4-бет



ГАЗЕТ 1933 ЖЫЛДЫҢ 10 ТАМЫЗЫНАН
ШЫҒА БАСТАДЫ

№ 38 (7922)
Сәрсенбі,
14 қыркүйек 2016 жыл

Басылымға жауапты
«Арай» - «Луч» ЖШС

КАТОНҚАРАҒАЙ АУДАНЫНЫҢ ГАЗЕТІ

АРАЙ



Берел қорымы - көшпенділер тарихының үлкен қазынасы

жылдардағы тұжырымы бойынша жалпы адамзат баласының таралған жері - Ұлы Алтай. Оның көне қойнауы біз білмейтін қаншама жұмбақ сырларды ішіне бүгіп жатыр десеңші?! Алтайдың Мұзтау, атты бір бөлшегі ертеден төрткүл дүниеге танымал болған. Ел арасына кеңінен тараған аңыздарға қарағанда - Мұзтау қасиетті тау санала-

Әлем
ғалым-
дарының
соңғы

дамуымыздың жанды күш-қуаты деп біледі.

Сонымен бірге Алтай - Еуразияның да кіндігі. Ол өзінің таңғажайып сұлу табиғатымен және көне жәдігерлерімен ғана емес, аса терең тарихи тамырлары бар мәдени-дүниетанымдық құндылықтарымен де даңқты. Археолог ғалымдардың өз зерттеулеріне дәл осы Қазақ Алтайының төрін таңдап алуы да тегіннен тегін емес. Ұқылым заманнан бері бұл өлке қайнаған этномәдени байланыстардың және көші-

Қазақстаннан да басқа алыс-жақын елдерге мәлім археолог-ғалым Зейнолла Самашев басқарған, құрамында Францияның, Италияның және Ресейдің ғалымдары бар халықаралық экспедиция «Берел қорымында» қазба жұмыстарын жүргізіп, №11 қорғаннан әлем ғылымына «азық» болатын үлкен жаңалық ашты. Одан табылған 35-40 жастардағы ер адам мен әйел адамның мөйіттері, жақсы сақталған он үш аттың мүрделері мен әшекейлі заттар осыдан жиырма бес ғасыр бұрынғы сақ дәуіріндегі өркениеттің деңгейін бүкіл әлемге мойындатты.

3. Самашевтың айтуы бойы бойынша «Берел қорымындағы» әрбір оба аса күрделі архитектуралық құрылыс, оның әрбір құрылымдық элементінің өзінше атқаратын қатаң белгіленген функциясы болған. Обаның алып үйіндісі тастардың жәй-өңшейін ретсіз лақтыра салынған жиындысы емес, керісінше әр түрлі көлемдегі арнайы таңдалып алынған тақта, домалақ және малта тастардан жүйелі түрде қаланған бірнеше қабаттардан тұрады. Жерлеу құрылысының жер үсті бөлігін ғана тұрғызу үшін қыруар күш сарп етілгені де көрініп тұр. Қорған көлемінің үлкен немесе кішілігі марқұмның әлеуметтік мәртебелілігін және оның тайпаластарының санының қанша екендігі болжатады.

Оба үйіндісінің тағаны ірі және жалпақ тастардан тиянақты төселіп жасалған, етегі ірі тақта тастармен дөңгелек қоршау етіп тігіннен қаланған, оның тек практикалық функциясы ғана емес, ерекше семантикалық мәні де болған. Оба-

ял Ахметовтың тікелей тапсырмасымен және қаржылық қолдауымен №2 қорғанға салынған саркофагтың салтанатты жағдайда ашылу рәсімі жасалынды. Оған арнай тік ұшақпен ұшып келген облыс әкімінің орынбасары Жақсылық Омар бастаған ресми қонақтар: Өскеменде өтетін «Алтай - түркі әлемінің алтын бесігі» атты ғылыми-практикалық конференцияға қатысуға жиналған бір топ шетелдік ғалымдар, ҚР Мәдениет Министрлігінің қызметкерлері, жергілікті билік басындағы азаматтар, аудан тұрғындарының өкілдері облыстық мәслихаттың депутаты жерлесіміз Лұқбек Тумашин басқаратын «Элхон» ЖШС-нің небәрі бір айдың ішінде оба үлгісінен айнымай жасаған құрылысын көріп тамашалады.

Газеттің өткен санында осы №2 қорғаннан әйел адамның мүрдесі мен жеті аттың қаңқа сүйектері, екі қыш құмыра мен алтын жапырақшалар, қоладан жасалынған айна табылғаны жайында баяндалған болатын. Мұнда да көшпенділердің мәйітті жерлеудегі барлық ереже-тәртіптері сақталынған. Яғни, оба астындағы қабірдің үсті ағаш бөренелермен жабылған, ал көрдің түбіне қалың да жалпақ етіп қарағайдан шабылған тақтайлардың бастары өзара қиюластыра отырып, ұзыншақ тік төртбұрышты қима таған орнатылған. Оның да беті қалың жалпақ тақтайлармен екі қабат етіп, аралары қайыңтозбен және қара жоңышқа (қаратабан) бұтасымен нығыздалған. Қима тағанның ішіне тастар төселіп, оның үстіне астауша табыт қойылған. Ол Алтайдың қызыл қарағайынан тұтас

ды. Жерлес жазушы Әлібек Асқаровтың көп жылғы зерттеу еңбектерінде Буддашылар бұл төңіректі құдайлардың аспандағы гүлжазиралы мекені - Шамбала деп білгендігі, Будда-Гаутаманың өзі Индияға осы жерден барғандығы айтылған. Жер шарының энергетикалық өрісі осы Мұзтауда тоғысқан деген де сенім бар. Ол энергетикалық өріс ғарышпен байланысты, сол арқылы бұл маңайға келген адамдарға Мұзтау күш-қуат беріп, жан сарайын тазартады, денсаулығын түзейді. Осы себепті де Мұзтау-Жерананың кіндігі саналады.

Мұзтау ғылыми, мәдени және тәжірибелік тұрғыдан да құнды объект. Бұл жерге жылына жүздеген альпинисттер, мыңдаған туристер ағылып келеді. Орыстың әйгілі суретші-философы Н. Рерихтің ізбасарлары, сондай-ақ Будда дінінің шыққан тегін іздеуші шамбалашылар осы Алтай төріне ала жаздай шұбырып жатады. Мұзтаудан өзге Ұлы Алтайдағы ескі обалар, таңбалы тастар, киелі орындар, керуен соқпақтары-«заманаларды жалғастырушы жіпте» алыста қалған ғасырлардың үнсіз куәгерлері. Бүгінгі ұрпақ оларды өткен дәуірлердің теңдесі жоқ байлығы, әлемдік мәдениет контекстінде өзіндік құндылықтарымызды іздестіріп, шарық ұрған қазіргі кезіміздегі рухани

қон үрдістерінің ұйтқысы болғандығын сансыз көне ескерткіштер бұлтартпай дәлелдейді. Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев Ұлытауда сөйлеген сөзінде: «Қазақтың ең даласының қай шетіне барсаң да, осындай қасиетті жерлер табылады. Шығысқа барсаң - «Берел қорымы» бар, Орталықа келсең-қалмақтармен соғысқан Аңырақай шайқасы өткен жер бар. Батысқа барсаң-Алтын Орданың хандары тұрған Сарайшық сияқты қасиетті мекен бар, Оңтүстікке барсаң - Түркістан тұр», - деп тектен текке айтпаған.

«Берел қорғанындағы» қорымдар ең алғаш рет он сегізінші ғасырдан бастап ғалымдардың назарына ілінді. Онда тұңғыш рет қазба жұмыстарын жүргізген орыстың археологы В. Радлов (1865 жылы) Алтайдың ежелгі көшпенділері өмірінің бірегей жәдігерлері - киімі, құрал-саймандары, ең бастысы - адамның мүрделері мен жылқылардың еті мен сүйектерінің қалдықтарын кездестірген. Оның бастаған зерттеу жұмыстарын әріптес-жерлесі С. Сорокин тек 1959 жылы аяқтаған. Енді міне В. Радлов пен С. Сорокиннің Берелдегі зерттеу жұмыстарын Қазақстан тәуелсіздігін алғаннан кейін өзіміздің ғалымдар қолға алды.

Яғни, 1997-1999 жылдары есімі



мифологиялық санада ғарыштың, яғни, қоршаған кеңістіктің әмбебап моделінің баламасы.

Осыдан бірнеше күн бұрын «Берел қорымында» облыс әкімі Дани-

күйінде ойылып жасалынып үстінгі жағы мұқият тегістелген. Астау-табыттың төрт бұрышында оны қабірге көтеріп түсіруге ыңғайлы болуы үшін құлақ тұтқалар ойылып жасалынған.

(Соңы 2-бетте)

Катонқарағай аудандық мәслихатының депутаттары мен аудан тұрғындарының назарына!

Катонқарағай аудандық мәслихатының кезекті бесінші сессиясы 2016 жылы 23 қыркүйекте сағат 11.00-де Үлкен Нарын ауылы, Абылайхан көшесіндегі №102 үйде орналасқан Катонқарағай аудандық әкімдігінің ғимаратында өтеді.

Депутаттарды тіркеу сағат 09.00-ден бастап жүргізіледі.

Сессияға ұсынылатын күн тәртібі:

1. Катонқарағай ауданы бойынша сыбайлас

жемқорлықтың алдын-алу бағытында атқарылған жұмыстар туралы.

Р. Құрмамбаев – аудан әкімі аппа-ратының басшысы.

2. Аудандағы туризмнің дамуы туралы.

Б. Рақышева – аудан әкімінің орынбасары.

3. Аудандық мәслихаттың депутаттық өкілеттіктер, әдеп және заңдылық мәселелері жөніндегі тұрақты комис-сиясының есебі туралы.

Ж. Жанабаев - тұрақты комиссияның төрағасы.

4. Өртүрлі мәселелер.

Тұрақты комиссиялардың отырыстары 2016 жылғы 23 қыркүйекте сағат 09.30-да, тұрақты комиссиялардың біріккен отырыстары сағат 10.30-да Абылайхан көшесіндегі №102 үйде орналасқан Катонқарағай аудандық әкімдігінің ғимаратында өтеді.

Д. Бралинов,
Катонқарағай аудандық
мәслихатының хатшысы.

Берел қорымы - көшпенділер тарихының үлкен қазынасы

(Соңы. Басы 1-бетте)

Профессор Зейнолла Самашев түсіндіргендей ежелгі көшпенділердің жерлеу тәжірибесінде аса күрделі

асырылып отырылған «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында Шығыс Қазақстан облысында атқарылғып жатқан ауқымды



ғұрыптар қалыптасқан. Атап айтқанда, марқұмның денесін қашан жерлегенге дейін ешқандай бұзылмаған күйде сақтауға тырысқан. Мұның өзі діни-мифологиялық ұғымнан туындаған. Бұл мақсатты орындау үшін арнаулы шөп-дәрілермен, жұпар иісті заттармен ерекше тұлғалардың денесі балызамдалып аруланған. Марқұм төтенше сән-салтанатпен кебінделген, оның бір айғағы – моншақтармен, жұқа алтын жапырақшалармен әдемі композиция құрай отырып әшекейленген киімдердің тонаудан, шіруден қалған жұрнағы. №2 қорғаннан табылған әйел адамның мәйіті де бір мәртебелі адамның әйелі немесе анасы болғанын көрсетеді және де ол да жоғарыда айтылған барлық жерлеу тәртібі сақталынып қойылған.

Тарихи құрылыстың ашылу рәсімінде алғашқы құттықтау сөз сөйлеген Жаксылық Омар З. Самашев бастаған археологтардың Берелдегі табысы – әлемдік деңгейдегі үлкен жаңалық, дей тұра Берел Тәуелсіз Қазақстанның баға жетпес археологиялық ескерткіштерінің бірі екендігін, оны зерттеу ең алдымен халқымыздың терең мәдени-тарихи және саяси қайнарларын ашуға үлкен мүмкіндік туғызып отырғандығын атап өтті. Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың қолдауымен елімізде іске

жұмыстарға тоқталып, жалпы Қазақстан бойынша алғашқы тұрғызылған Берел қорғанындағы саркофактың ашылумен жиналғандарды құттықтады. Бұдан кейін ол облысымыз бойынша 2018 жылға дейінгі аралыққа қабылданған мәдени бағдарлама бойынша бес жерде осындай қазба жұмыстарының жүргізіліп, олардан ауыз толтырып айтатындай өте құнды жәдігерлердің табылып жатқандығын. Ендігі кезекте Зайсан ауданындағы Шіліктіде де осындай саркофактың салынатындығын, бұдан былайғы уақытта да осындай мәдени-тарихи жұмыстардың кеңінен жүргізілуіне облыс тарапынан барынша қолдау-көмектің болатындығын айта келіп, келешекте Берелдегі «Патшалар жазығы» әлемдік деңгейдегі туристік орталыққа айналатындығына сенім білдірді.

Зейнолла Самашев ең алдымен саркофактың ашылуына алтын уақыттарын бөліп келген мәртебелі меймандарға, Берелдегі қазба жұмыстарын жүргізуге жан-жақты қолдау көрсетіп ашық аспан астындағы мұражайдың салынуына мұрындық болған облыс әкімі Даниал Ахметовке, құрылыс жұмыстары басталғаннан «Берел қорымына» жиі атбасын тіреп, мұндағы жағдайды назардан тыс

қалдырмаған аудан әкімі Ахметқали Нұрғожинге, ҚР Мәдениет министрлігіне, құрылыс жұмысын қарқынды әрі сапалы етіп жүргізген Лұқбек Тумашинов басқаратын «Элхон» ЖШС-ке жүрек жарды алғысын айтты. Бұдан кейін ғалым «Берел қорғанының» әлемдік ғылымдағы алатын орынын, оның тәуелсіз еліміз үшін мәдени-тарихи ғана емес саяси жағынан да үлкен маңызға ие екендігін әңгімеледі. Әсіресе кейінгі өсіп келе жатқан жастарға беретін тәрбиесінің молдығын атап көрсетті. «Патшалар жазығы» жаңа атауын алған бұл араға келетін туристер санының жылсайын артып келе жатқандығын да қуана жеткізді.

Жиналған қауымды саркофактың ашылуымен Ресейдің Санкт-Петербург қаласынан келген ғалым Николай Бокоренко құттықтай тұрып, бүгінгідей мәдени шараға өзінің қатысып отырғандығына қуанышты екендігін білдірді. Бұл жаққа әріптесі З. Самашевтың шақыруымен келіп бүкіл жаз бойы онымен бірлесіп, осы қорымда зертеу жұмыстарын жүргізгенін. Биылғы жаз айларындағы ауа райының қолайсыздығына

«Берел қорымындағы» саркофактың ресми ашылуы елімізде қалыптасқан дәстүрмен жалғастырылып, лента қиылды. Бұл құрметке археолог-ғалым Зейнолла Самашев және Берел ауылындағы ақсақалдар алқасының төрағасы Серікбол Еламанов ие болды. Мәртебелі қонақтар ашық мұражайды тамашалап болған соң, №19 қорғанда жүргізіліп жатқан қазба жұмыстарымен танысып, одан табылған жас қыз баланың мүрдесімен қатар жатқан аттың қаңқа сүйектерін көрді. З. Самашевтың болжауынша әлі толықтай қазылып бітпеген бұл қорғанның ғылымға берер жаңалығы алдыңғылардан артық болмаса кем болмайтын сыңайлы. Қазірдің өзінде ғалымдар жас қыз баланың мәртебелі отбасынан шыққандығын дәлелдейтін асыл матадан тігіліп, түрлі-түсті заттармен әшекейлермен безендендірілген сәукеленің жұрнағына кезігіпті.

Аса салтанатты жағдайда басталып жүргізілген осы мәдени шарадан оған жиналған қауым, әсіресе Ұлыбритания, Түркия, Польша, Монголия, Корея тағы басқа да шет елдерден келген ғалым-қонақтар мол әсер



қарамастан қазба жұмыстарының тоқтаусыз жалғастырылып сол еңбектерінің үлкен нәтижемен аяқталғанын тілге тиек етті. Сонымен бірге ол Қазақстанда оның ішінде Шығыс Қазақстанда археологиялық жұмыстарды жүргізуге, ел мен жер тарихын білуге ерекше маңыз берілетіндігіне таңданыс білдіре келіп саркофактың қысқа мерзімде салынып бітуін өз сөзінің дәлелі етіп көрсетті.

Жәнібек Қызыр.
Сурет Ж. Жақыповтікі.

Форум қонақтары айтулы оқиға жайлы




ТӘ КЕН ГОН, Қазақстан Республикасында Корея Елшілігінің екінші хатшысы.

Корей халқы тарихынан білетініміз, ата-бабаларымыз б.з.б. VI ғасырда Орта Азиямен қарым-қатынас жасаған. Менің туған жерім – Кенжу қаласында да осындай үлкен қорған табылып, зерттелген. Сол қорғанның қабырғаларында қанатты аттар мен алтын тәж бейнеленген, осыны негізге алып, біздің тарихшылар сақтар мәдениетімен ортақ белгілері бар деп болжамдайды. Корея мен Қазақстан арасындағы археологиялық қазбаларды зерттеу саласындағы бірлескен жұмыс алдағы уақытта да жалғасады деп сенемін. Өйткені, корейлықтарда бұл тұрғыдағы ескерткіштер жайлы мағлұмат аз, сондықтан, бұл салада сіздермен тәжірибе алмасу біз үшін өте маңызды.

БОКОВЕНКО НИКОЛАЙ АНАТОЛЬЕВИЧ, Материалды мәдениет тарихы институтының профессоры, археолог. Санкт-Петербург қ., Ресей.

Зейнолла Самашев басқарған кәсіби археологтар командасы



ДОМИНИК ПЕРРИНГ, профессор, Университеттік колледжінің қолданбалы археология институтының директоры. Лондон қ., Ұлыбритания.

Аталмыш қорғанның ашылуы мен музейфикациялауы Қазақстан



елінің тарихы үшін өте маңызды шара. Мұндай тұрғыдағы ескерткіштер елінің тарихын, әдеп-ғұрыптарын, мәдениетін зерттеп, тарихи оқиғалар хронологиясын анықтауға мүмкіндік береді. Адамзат жер бетінде уш миллионға жуық жыл өмір сүруде. Ал жазуды бес мың жыл ғана қолдануда, сондықтан көне дәуір жайлы осы жәдігерлерді зерттеу арқылы ғана білеміз. Түркі әлемінің тарихы мені өте қызықтырады. Сондықтан осындай үлкен тарихи маңызы бар шараның куәгері болғанымға, сақ тайпалары мекендеген қасиетті жерді басып келгеніме өте қуаныштымын.

ЖАГИР СУХУ-ЭЭ, Моңғолияның Қазақстан Республикасындағы төтенше және өкілетті Елшісі.

Қазақстан жері табиғи ресурстар тұрғыда ғана бай емес, бірегей әлемдік мұра болатын тарихи және археологиялық құндылықтары мол өлке. Мұның дәлелі – Қазақстан Республикасы аумағындағы көптеген археологиялық ескерткіштер. Берел қорымындағы жаңалықтар қазақ елінің тарихына және жалпы түркі әлемінің тарихы үшін өте маңызды. Сонымен қатар, бұл тарихи жаңалықтар бүкіл әлем тарихшыларын қызықтырады, оның ішінде Моңғолия елінің ғалымдарын. Өйткені, Қазақстан мен Моңғолияның тарихы бір-бірімен тығыз байланысты. Сондай-ақ, Қазақстан жері, оның ішінде Катонқарағай ауданы шетелдік қонақтар мен туристтерді



тұмса табиғатымен қызықтыратын аумақ. Сондықтан, алдағы уақытта Берел қорымы халықаралық деңгейдегі үлкен тарихи орталыққа айналатынына сенімдімін.

ПЕДРАЦКИ МИХАЛ, археолог, Поляк ғылым Академиясындағы тарих және ғылым институты. Варшава қ., Польша.

Менің байқауымша қорғандар орналасқан жер, бұрынғы адамдармен кездейсоқ таңдап алынбаған көрінеді. Бұл жер жазықта және жан-жақтан таулармен қоршалып тұр. Осы жердің ерекше қасиетті энергетикасы бар екендігі бірден сезіледі. Алтайды түркі әлемінің ғана емес еуропалықтардың да алын бесігі деуге болады. Бұл өңірдің сұлу табиғаты жайлы көп естігенмін, енді міне осы тамашаны өз көзіммен көріп тұрмын. Біз бүгін куәгер болған саркофактың ашылуы өңірде туризмнің дамуына, сонымен қатар, Польша мен Қазақстан арасында археологиялық зерттеулер саласында қызмет істеуге үлкен жол ашады. Орталық Азияның, Алтайдың көне мәдениеті бізде үлкен қызығушылық тудырады. Алдағы уақытта да қазақстандық Алтай бізді әлі талай археологиялық жаңалықтарымен қуанытып, бай тарихи мұраны зерттеуге, жер қойнауындағы құнды жәдігерлер арқылы түркі халықтарының және жалпы адамзат тарихындағы құпияларды мүмкіндік беретініне сенімдімін.

Сұхбаттасқан Жанар Қасымханова.
Сурет Жомарт Жақыповтікі.



■ Жолдарды көркейту

РАХМАНҒА ДЕЙІН АСФАЛЫТ ТӨСЕЛЕДІ



Күн ашылысымен Өрел-Рахман қайнарлары трассасының бойына «Катонқарағай ӨЖУ» ЖШС мердігерлік ұйымының күшімен күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіліп, жолшылар асфальт төсей бастады.

Өскемен-Зырян-Катонқарағай-Рахман қайнарлары Республикалық маңыздағы жолдың 399-418 километрлері аралығына - 19 километрлік жол бөлігіндегі жөндеу жұмыстары 2014 жылы басталған. Жобаның жалпы сомасы – 2 млрд. 885 млн. теңгені құраған. Құрылыстың алғашқы жылында 54,4 млн. теңге бөлініп, игерілді, келесі жылы – 799,3 млн. теңге бөлінген. Ағымдағы жылы 898,2 млн. теңге бөлінді, қазіргі уақытта оның айтарлықтай бөлігі игерілді.

Катонқарағай ауданының тумасы Темірбек Исабаев басқарған бұл кәсіпорында қуаттылығы жоғары құрылыс-жол техникалары, құрылыс материалдарының сапасын анықтайтын жылжымалы зертхана, асфальт-бетон зауыты бар. Нысанда 70-ке жуық адам еңбек етуде, олардың көпшілігі - кәсіби жолшылар. 34 бірлік ауыр техника жұмылдырылған.

Жолшылар асфальт төсеуді бірден Өрел ауылының маңындағы көпірдің тұсынан бастады. Жұмыс кестеге сай, сапалы, барлық құрылыс-жол нормаларын сақтай отырып жүргізілуде.

Сонымен қатар, «Катонқарағай ӨЖУ» ЖШС Үлкен Нарын-Күршім бағытындағы жолды да жөндеуде. Қазіргі уақытта жөндеу жұмыстары Лотошное маңындағы 21-23 километр жол бөлігінде жүргізілуде, биылғы жылы мұнда 2,4 километр жол бөлігін асфальттау жоспарланған.

Шамиль Багаутдинов.
Сурет автордікі.



Қазақстан 2050
МӘҢГІЛІК ЕЛ

БІЗДІҢ ЗИЯТКЕРЛІК ӘЛЕУЕТІМІЗ

Заманауи әлемде бәсекеге қабілетті болу үшін, бізге білімді, өз отанын сүйетін, ой-өрісі кең, шығармашыл, жұмысы - нәтижелі болатындай жас ұрпақ тәрбиелеп өсіруіміз қажет. Осы тұрғыда аудандық шығармашылық Үйінде қандай жұмыстар атақарып жатыр? Қосымша білім берудің әлеуеті қандай? Осы және өзге сұрақтарға аталмыш мекеменің директоры Шынар Құрмановаға жауап беруін сұраған едік.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан еліне Жолдауында алға нақты және қолдан келерлік мақсаттар қойып, тағы бір мәрте ойының тереңдігі мен саяси көрегендігін дәлелдеді. Мұның дәйектемесі «Мәңгілік ел» ұлттық идеясы. Оның негізінде біздің ата-бабаларымыз аңсаған барлық негізгі құндылықтар жатыр.

-Педагогикалық күш-жігер шығармашыл, дарынды, өз жақынын, елін, Отанын сүйетін, өз мемлекетінің нағыз азаматын тәрбиелеуге бағытталу керек. Бұл жұмыс тиімді болу үшін тек білім нәрімен ғана сусындатпай, балалар мен оқушы жастардың рухани әлемін, қажетті тұлғалық қасиеттерін дамыту қажет. Сондықтан, шығармашылық Үйінің педагогикалық ұжымы білім және

-Ауданда шығармашылық Үйі ашылғанына көп уақыт болған жоқ. Балалар шын көңілмен келе ме, және жетістіктеріңіз бар ма?

-2015-2016 оқу жылында аудандық шығармашылық Үйінде 35 топта 505 тәрбиеленуші білім алды. Оқушыларды қосымша білім берумен қамтамасыз ету аясында мекемемізде ағымдағы жылдың қыркүйек айына қосымша студиялар мен топтардың, жалпы келуші балалар санының артуы, шығармашылық Үйі қызметінің талап етілетінін көрсетеді.

Оқушылардың сабақтан тыс бос уақытын тиімді етіп ұйымдастыруда тоғыз ұстаз қызмет етеді. Олар бүгінде адаптивті бағдарламалар бойынша жұмыс жасайды. «мектептен тыс мекемелерде оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту» моделі бойынша жұмыс атқарып, көптеген жетістіктерге қол жеткізді. Мысалы, «Бейнелеу өнері» студиясының жетекшісі Амангельді Сапарқанұлы Исабеков «Қазақстан Республикасы суретшілер Одағының мүшесі» атағын алды.

Шығармашылық Үйінің педагогикалық ұжымы шығармашылық әлеуеттерін іске асыру үшін әрбір балаға бірдей бастапқы жағдайлар жасап, балалардың талаптарының өзгеруіне жылдам әрекет етеді. Дарынды балаларға көмек-қолдау көрсетіп, оларды дамудың жаңа деңгейіне шығарады.

Осындай жұмыстың нәтижесі - облыстық, республикалық және халықаралық конкурстар мен фестивальдардағы жоғары жетістіктер. Мұнымен тәрбиеленушілеріміз өздерінің ұстаздарымен дайындықтарының жоғарғы деңгейін көрсетеді. Мәселен, ағымдағы жылы біз халықаралық және республикалық сайыстарда 13 жүлделі орынға ие болдық.

«Көркемсөз» үйірмесі жұмысының нәтижесін айта кеткім келеді. Оның қатысушысы Мария Сакеева Халықаралық «Күншуақ» конкурс-фестивалінің Бас жүлдесін иеленді.

Айжан Қабдрахманова «Атадан-Мұра» республикалық конкурсының, Гүлім Сіләмова «Сәлем Астана» республикалық конкурсының Бас жүлделеріне ие болды.

«Балауса», «Достық» хореографиялық ансамбльдерінің мүшелері «Сәлем Астана» республикалық байқауының жүлдегерлері атанды. Ал «Бейнелеу өнері», «Техникалық құрастыру», «Сәндік-қолданбалы өнер» үйірмелерінің тәрбиеленушілері – Семей қаласында өткен сурет салудан Өскемен қаласында өткен техникалық шығармашылық пен өнертапқыштық облыстық байқаулардың, Алматыда өткен «Атадан-Мұра» Республикалық байқаудың жүлделі орындарын иеленді.

-Өзіңіз басқарып отырған педагогикалық ұжымның алдағы оқу жылына жоспарлары қандай?

2016-2017 оқу жылында жұмысымызда жаңа бағыт – ұлттық ойындар, оның ішінде асық ойынын дамыту қолға алынбақ. Тәрбиеленушілеріміз бұл ойынды меңгеру үшін төрт топ құру жоспарлануда.

Әдеби-эстетикалық бағытта жаңа студиялар ашылады: қуыршақтар театры, мүсіндеу. 4-5 жастағы бүлдіршіндер экспериментальді топтармен және ерекше дарынды балалармен жұмыс жалғасады.

Біз әрбір оқушының әлеуетін ашып, әрқайсысына өзіндік тәсіл табуға тырысамыз. Біздің балаларымыз талантты. Алайда, халықаралық, республикалық байқауларға қатысу үшін қосымша қаражаттар қажет. Өйткені, дарынды балалар – Қазақстан еліміздің зияткерлік әлеуеті.

-Сізге және Сіз басқарып отырған ұжымыңызға жұмыстарыңызға сәттілік тілейміз. Сұхбатыңызға рахмет!

Жазып алған Шамиль Багаутдинов.
Сурет автордікі.



Оның жүзеге асырылуында мұғалімдер алдыңғы рөлдерде болу керек. Өйткені, осы құндылықтарды сақтап, еліміздің жарқын болашағын құру өскелең ұрпақ қолында. Ал қазақстандық отансүйгіштікті тәрбиелеу, ел мәдениеті мен руханиятын сақтаудың ажырамас бөлігі болып табылады.

-Ол үшін аудандық шығармашылық Үйі қандай жұмыстар атқаруы қажет?

тәрбие беру үрдісіне инновациялық технологияларды енгізу мәселесіне зор көңіл бөліп, мемлекет Басшысының Жолдауында алға қойылған мақсаттар мен міндеттерді жүзеге асыру бойынша іс-шаралар жоспары құрылды. «Мәңгілік ел» ұлттық идеясын іске асыру аясында атқарылатын бұл шаралар ұстаздарымыздың оқу-тәрбие жұмыстарын жақсартуға ықпал болмақ.

ҚОҒАМДЫҚ ҰЙЫМДАР БАСПАНАЛЫ БОЛДЫ

Катонқарағай ауылдық округі жанындағы ардагерлер мен әйелдер кеңестері жеке баспаналы болды. Өткен жылдың соңында ауыл әкімі Амантай Балтабаев ардагерлер кеңесінің өтінішімен әкімдік Үйінің бос тұрған бір кабинетті аталмыш ұйымдарға берген болатын. Биылғы жазда ол сол кабинетті күрделі жөндеуден өткіздіріп, ішіне де қажетті жаңа жиһаздар: столдар мен орындықтар, шкафтар алып берді. Қарт адамдардың әртүрлі жұмыстарымен келіп-кетуіне, мәдени дем алуына қолайлы жерде - бірінші қабатта орналасқан кабинетті жабдықтауға осы өңірдегі мекемелер мен жеке кәсіпкерлер де ынта білдіруде. Атап айтқанда, «Берел тарихи-мәдени мұражайы» (директоры Ж. Ахмадиев) ардагерлерге Өскемен қаласындағы шеберханалардың бірінде арнайы стенд жасатып сыйға тартты,

кабинеттерінің әйнектеріне перде сатып әперді. Катонқарағай ауданаралық ауруханасы мен жеке кәсіпкер Жігер Рахымжанов та ардагерлерге өз тартуларын жасады.

Ардагерлер мен әйелдер кеңестерінің кабинетінде ауыл тұрғындарын қабылдау кестесі жасалынып, кезекшілік ұйымдастырылған. Әр аптаның сәрсенбісі күні сағат 10.00-ден 13.00-ге дейін ардагерлер кеңесінің, әр аптаның бейсенбісі күні сағат 10.00-ден 13.00-ге дейін әйелдер кеңесінің мүшелері ауылдастарын өздерін толғандырған мәселелер бойынша қабылдайды.

Өз тілшіміз.

■ Ауыл адамдары

ЖЕТПІС АЛТЫ ЖАСТА ЖЕЛМЕН ЖАРЫСЫП ЖҮР

Өткен қыста облыстық жол-бақылау полициясының бір топ басшылары Катонқарағайға келіп, өңір тұрғындарымен өткізген жиында аудандағы ең қарт жүргізушілердің бірі - Ерніс Құрманғалиевті жол қозғалысы ережесін бұзбағаны, ширек ғасырдан астам уақыт машина рулін басқара жүріп, бір де бір рет жол апатына жол бермегені үшін бағалы сыйлықпен



баптап, құрылысын салып, отбастарын асырап келген ауыл адамдары жұмыссыз қалғанда, Ерніс Құрманғалиев қиындықтан шығатын жолды өзі тауып кетті. Жеке меншігіндегі жеңіл машинасымен аудан ішінде, одан кейін Катонқарағай мен Зырян, Өскемен қалалары арасында жолаушылар тасымалдап, кәсіпкерлікке ден қойды. Бұрын мекемелер мен шаруашылықтарда кәсіпқой жүргізуші болып істеген, жол жүруге әбден төселген таксистермен болған бәсекеде жолаушылардың таңдауы көп жағдайда Ерекеңе түсті. Өйткені, ол жолаушылар өмірлерінің қауіпсіздігіне өзінің бірден-бір жауапты екендігін жақсы білді. Жол сапарларға да машинасын мұқият дайындап, жол жүргенде де асығыстыққа, қызбалыққа салынбады. Жол бойында сапарластарының денсаулық

жағдайларын, жас мөлшерлерін де естен шығармай, олардың тілектерін еш ренжіссіз орындай білді. Өмірге деген құштарлық, өзіне деген берілгендік Е. Құрманғалиевті жетпіс алтыға келсе де, қатардан қалдырған жоқ. Ол әлі күнге жолаушылар тасымалдаумен айналысып, облыс жолдарында желмен жарысып жүр.

-Қозғалыс - ол өмір. Әбден еңбекке үйреніп қалғандікі ме, бос отырсам, үйге сыймаймын,- дейді Е. Құрманғалиев. -Асырай алмай жатқан бала-шағам да жоқ. Аллаға шүкір, барлығы ер жеткен, кәсіптері де бар.

Отбасылық өмірде де өз бақыттарын тапқан Ерніс пен Мағазия Құрманғалиевтардың үлкен шаңырақтарында дүниеге келген сегіз баланың барлығы да ата-аналары сияқты еңбекқор болып ер жеткен. Олардың арасында екісінің жолын қуып, жекеменшік көліктерімен жолаушылар тасымалдап, кәсіпкерлікпен айналысып жүргендер де, балаларды білім нәрімен сусындатып жүрген ұлағатты ұстаздар да, басқа саланың мамандары да бар. Атап айтқанда, Гүлтас, Ардақ. Жайнагүл мұғалім болса Фархат, Мерхат, Рафхат жеке кәсіпкерлер.

Ж. Қабдуәлиұлы.
Сурет автордікі.

■ Имандылық

Құрбан айт мерекесі аталып өтілді



Құрбан айт - барша мұсылмандар үшін үлкен мереке. Биыл ол дүйсенбіге сәйкес келіп, 12-қыркүйектен бастап үш күн бойы тойланды. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың Жарлығымен Құрбан айттың бірінші күні демалыс күні болып белгіленіп, ҚР Еңбек Кодексінің 96 бабымен де бекітілген.

Құрбан айтта орындалатын ең үлкен ғибадат ол - құрбандық шалу. Ол айт намазы оқылғаннан кейін орындалады. Құрбандыққа қой, ешкі, сиыр және түйе шалынады және де ол малдардың дені сау, дене мүшелері түгел болуы керек.

Қабдығали-ата атындағы аудандық мешіттің өкіл имамы Шодихан қажының басшылығымен Құрбан айт мерекесі Үлкен Нарын ауылында шарияттың барлық талаптарына сай басталып көпшіліктің белсенді қатысуымен өткізілді. Таңертеңгі сағат жетіден бастап Алланың жердегі үйіне жиналған халық діни қызметкерлердің айтқан уағыздарын ұйып тыңдап, одан кейін айт намазына тұрды. Намаз оқылып болған соң, ауылдағы мал сою алаңына барып, ең үлкен ғибадаттарын орындады. Аудан әкімі А. Нұрғожин мен аудандық мәслихаттың хатшысы Д. Бралинов бастаған биліктегі азаматтар мен азаматшалар бірігіп құрбандыққа мүйізді ірі қара малын шалып етін әл ауқаты төмен отбастарына, мүгедектер мен жалғызбасты қарияларға таратып берді. Басқада бірнеше ауыл тұрғындары қой мен ешкі шалып, мұсылмандық парызын орындады. Діни мерекенің жалғасында аудан әкімі Ахметқали Ахашұлы жеке өзі құрбандыққа қой сойып етін тұтастай аграрлық-техникалық колледждің асханасына берді.

Құрбан айт мерекесі Катонқарағай ауылында да жағымды әсерлермен атап өтілді. Айттың алғашқы күні таңертең мешітте елушақты адам намазға тұрып, Аллатағалаға құлшылық жасады. Содан соң кәсіпкерлер Ертай Кешілбаев, Айдын Өбілғазов, Мұхтар Ысқақов, №2 аудандық соттың төрағасы Әли Асқар, тағы басқа азаматтар құрбандық шалып, мұсылмандық парызын орындады.

Жәнібек Қызыр.
Сурет Ж. Жақыповтікі.

БАР ЖАҚСЫЛЫҚ БАЛАЛАРҒА

«Мектепкебаржол» жалпы республикалық қайырымдылық акциясы жыл сайын жаңа оқу жылы қарсаңында қалыптасқан дәстүрмен Берел орта мектебінде де ұйымдастырылып келеді.



Бұл ауқымды акцияның басты мақсаты - көпбалалы және аз қамтылған отбасылар, ата - аналарының қамқорлығынсыз қалған және жетім балаларға көмек көрсету болып табылады. Биылғы жылы «Бар жақсылық балаларға» ұранымен өткізіліп отырған акцияға Берел орта мектебінің ұжымы белсенділік танытты. Акция барысында мектеп оқушыларының арасынан әлеуметтік көмекке мұқтаж отбасы

балаларының тізімі жасалып, жеке кәсіпкерлер мен мұғалімдер тарапынан оларға мектеп құралдары мен мектеп формасын алуға қаржылай көмек көрсетілді. Атап айтқанда, көпбалалы отбасынан шыққан Аркадьева Ризаға бастауыш сынып мұғалімі Ж. Елеманова мектеп формасын сыйға тартып, қуанышқа бөледі.

Алдағы уақытта осындай жаны жомарт жандар балаларға қуаныш сыйлап, өз үлестерін қосатынына сеніміміз мол.

А. Құсманова,
директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.



«Бақытты балалық шақ мекені» ұранымен өтуде.

Огнево негізгі орта мектебінің ұжымы да акция төңірегінде игі іске ат салысып қатысты. Мектеп ұжымы қамқоршысынан айырылған 7 сынып оқушысы Нұрқасынов Русланға мектеп формасын және қажет оқу құралдарын сыйлады.

«Оқушыға мектепке барар жолды табуға көмектес» деген шара аясында қайырымдылық көрсетушілер біздің ауылымызда өзінің азаматтық парызын орындап көмек қолын созған азаматшалар бар.

Демеушілеріміз Даутов Мұрат Анатольевич және Кустубаев Айтқазы аз қамтылған отбасынан Ткаченко Павел және Ткаченко Валентинаға мектепке қажетті киім - кешек пен оқу құралдарын сыйлады. Балалалық шағы алансыз болсын деген ниетпен бүлдіршіндерді демеген қайырымды адамдарға өмірдің бар жақсылығын тілейміз.

МЕКТЕПKE ЖОЛ ЖАРҚЫН БОЛСЫН!

Ағымдағы 2016 жылдың 1-30 тамыз аралығында «Мектепке жол» дәстүрлі республикалық акциясы Тәуелсіздіктің 25 жылдығына орай



К.С. Даутова,
Огнево негізгі орта мектебінің директоры.

БАҒА ЖЕТПЕС БАҚЫТЫМЫЗ - БАЛАЛАРЫМЫЗ

Әр жылдың тамыз, қыркүйек айларында елімізде «Мектепке жол» акциясы өткізіледі. Акцияның мақсаты - оқумен қамтылмаған балаларды анықтау, жаңа оқу жылына дайындық кезінде табысы төмен және көп балалы отбасынан шыққан мектеп оқушыларына, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға қолдау көрсету болып табылады.

Осы мақсатта жылдағыдай «Яры негізгі орта мектебі» КММ-де акция жалғасын тапты. Мектеп-

те «Бақытты балалық шақ» ұранымен өтіп жатқан акция барысында өткізілетін іс-шаралар жоспары құрылды. Акцияның басталуына орай мектеп ұжымы «Баға жетпес бақытымыз - балаларымыз» тақырыбында әңгіме өткізді. Мектеп ұжымы аз қамтылған жанұя баласына оқу құралдарын сыйлап, қуанышқа бөледі.

К. Асқарова,
Яры негізгі орта мектебінің мұғалімі.

БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНЫҢ ӨЗЕКТІ 12 МӘСЕЛЕСІ

Білім беру саласындағы реформалар аясында көптеген сұрақтар орын алып отыр. Сіздердің назарларыңызға білім саласының ең өзекті 12 сұрағының жауаптарын ұсынамыз.

1-сұрақ.
Орта білімнің жаңартылған мазмұнына көшу. Жаңартылған білім мазмұны не үшін қажет?

Бүгінгі бала - еліміздің ертеңгі маманы, ол ХХІ ғасырда бәсекеге қабілетті әрі табысты болуы үшін еңбек нарығында сұранысқа ие болуы қажет.

Біздің қазіргі кезде балаларға үйретіп жүргеніміздің барлығы, атап айтқанда, оқу-жазу дағдылары, математика, қаржы, мәдениет және азаматтық сауаттылық, ақпараттық коммуникациялық технологиялар - бәрі де күнделікті тұрмыстың қарапайым мәселелерін шешеуге ғана мүмкіндік береді.

Өзгермелі өмір болса, адамның күрделі тапсырмаларды орындай білуін талап етеді. Мұндай қабілет қалыптастыру үшін оқушыларға классикалық білім берумен қатар, сыни, шығармашылық ойлауға, топ ішінде жұмыс жасауға үйрету керек. Балалардың бойына білімқұмарлық, ынтылылық, табандылық, көшбасшылық қасиеттерді, әлеуметтік және мәдени сапаларды сіңіру қажет. Осының барлығы классикалық біліммен бірге жаңартылған орта білім мазмұнына енген.

Елімізде жаңартылған оқу бағдарламаларын әзірлеу және сынақтан өткізу бойынша ауқымды жұмыстар жүргізілді. Біз онымен бес жылдам астам уақыт бойы айналыстық. Бағдарламалар 30 пилоттық мектепте сынақтан табысты өтті.

Кәдімгі қалалық және ауылдық мектептерге бейімделген бұл бағдарламалар оң нәтижесін көрсетті. Біз мектеп мұғалімдерінің, оқушылар ата-аналарының ризашылығы мен қолдауына ие болдық. Мұғалімдер оқыту процесінің жеңілдене түскенін де жеткізді.

2-сұрақ.

Мектептегі бескүндік оқу аптасы

Жаңартылған білім мазмұнын енгізумен қатар, мектептер кезең-кезеңімен бескүндік оқу аптасына көшеді. Оқушылар мен мұғалімдерге қосымша 34 демалыс күні беріледі (сенбі есебінен).

Жаңартылған білім мазмұнына және бескүндік оқу аптасына көшу кестесі мынадай:

2016 жылғы 1 қыркүйекте – 1- сынып;

2017 жылғы 1 қыркүйекте – 1,2,5,7- сыныптар;

2018 жылғы 1 қыркүйекте – 1,2,3,5,6,7,8,10- сыныптар;

2019 жылғы 1 қыркүйекте – 1,2,3,4,5,6,7,8,9,10,11- сыныптар.

Бұл жоспарды іске асыруда оқу жылының ұзармауына жол бермеу қажеттігін біз жақсы түсінеміз. Ол үшін оқу жоспарларын түзетумен бір топ әдіснамашылар және ұстаздар айналысуда. Биыл бірінші сыныпқа баратын оқушылар оқу жылын 2017 жылғы 30 мамырда аяқтайды. Бескүндік оқу аптасына көшу барысында барлық бастауыш сыныптар оқу жылын осы мерзімде, ал негізгі (5-9 сыныптар) және жоғары сынып оқушылары 10 маусымда аяқтайды деп жоспарлануда.

3-сұрақ.

12 жылдық оқыту үлгісіне көшу

Көшу тәртібі түсінуге жеңіл. 5-6 жастағы балаларға нөлінші сынып (мектепалды даярлық) ұйымдастырылады. Осылайша, реттік нөмірі он екінші сынып болмайды. 12 жылдық оқыту үлгісі «0 - сынып+11 - сынып» формуласымен енеді.

12 жылдықтың бұл үлгісін биыл емес, келесі жылы да емес, 2019 жылдың 1 қыркүйегінен бастап енгізу жоспарланып отыр.

Ата-аналар балаларын 0 - сыныпқа (мектепалды даярлыққа) 5 немесе 6 жасынан беруге құқылы. Осыған байланысты ата-аналардың қалауына және балалардың дайындығына қарай 1 - сыныпта 6 және 7 жастағы балалар қатар оқи береді.

Бүгінгі таңда мұндай норма ҚР «Білім туралы» Заңында көзделген. Барлық балалар мектепалды даярлық бағдарламасынан өтуге тиіс.

12 жылдық оқыту негізінен 0 - сыныпқа (мектепалды даярлыққа) арналған бірыңғай үлгілік білім беру бағдарламасын енгізуге бағытталған. 0 - сыныптан өту мүмкіндігі мектепке дейінгі ұйымдарда да, мектептерде де сақталады. Бұл үшін ол ұйымдарда қажетті жағдайлар жасалуға тиіс.

Қолданыстағы МЖБС-ті* өзгерту жос-

парда жоқ.

Біздің жоспарымыз бойынша 0- сынып балаларын оқытудың апталық жүктемесі вариативті бөлігін қосқанда 22 сағаттан аспайды.

Биыл кадрларды даярлау процесі басталады.

Жоғары сыныптарда (10-11- сыныптарда) қоғамдық-гуманитарлық және жаратылыстану-математика бағыттары бойынша бейінге бөлу өзгеріссіз қалады.

4-сұрақ.

Орыс тілінде білім беретін мектептерде қазақ тілін жаңаша оқыту әдістемесі

Жыл өткен сайын мемлекеттік тілдің мәртебесі өсіп келеді. 70%- дан астам оқушы қазақ тілінде білім беретін мектептерде оқиды. 2016 жылы мектеп түлектерінің 72%- ы ҰБТ-ны қазақ тілінде тапсырды.

Қазақ мектептерінде 38 мыңнан астам ұлты қазақ емес балалар тәлім-тәрбие алады. Өкінішке орай, орыс тілінде білім беретін мектептерде балалар қазақ тілін 11 жыл бойы оқыса да – оны күнделікті өмірде қолданбайды. Мәселе оқыту әдістемесінде екені түсінікті.

Біз мұны өзгерту міндетін қойдық. Сондықтан, Білім және ғылым министрлігінің тапсырмасы бойынша А. Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институты, Ш. Шаяхметов атындағы Тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру-әдістемелік орталығы, «Назарбаев Зияткерлік Мектептері» ДБҰҰ, Халықаралық ақпараттық технологиялар университеті, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің жетекші ғалымдары мен сарапшылары бірлесе отырып, орыс тілді балаларды қазақ тілінде қарым- қатынас жасауға жеделдете үйрету үшін жаңа әдістеме мен оқулықтарды әзірлейді. Қолданыстағы грамматикалық-аударма әдістемесінің орнын тиімділігі жоғары коммуникативті әдістеме басады.

Жаңа оқулықтармен еліміздің барлық мектептері міндетті түрде қамтамасыз етіледі. 2016 жылдың соңында «Қазақ тілі - баршаға» жаңа әдістемесі дайын болады. 2017 жылдан бастап ол орыс тіліндегі мектептерге енгізіле бастайды.

Ауызша және жазбаша қарым-қатынасқа ерекше көңіл бөлінеді. Оқулықтар мен электронды қосымшалар кеңінен қолданылатын қазақ сөздері мен сөз тіркестері негізінде әзірленді. Олардың барлығы қазақ тілінің жиілік сөздіктеріне жинақталған. Бұл сөздерді түсінуде, қолдану да - оңай. Алғашқы деңгейде балалар қарым-қатынас үшін ең қажетті сөздер мен сөз тіркестерін меңгереді. Келесі деңгейлерде біртіндеп сөз саны көбейеді, сөздер мен сөз тіркестері күрделене береді. Бала оларды күнделікті өмірде үнемі қолдануы керек. Осылайша үздіксіз оқу арқылы балалар мемлекеттік тілді игеруге психологиялық кедергіге тап болмайды. Нәтижесінде балалар қазақ тілінде ауызша да, жазбаша да еркін қатынасатын болады. Тілді білуін бағалау үшін КАЗТЕСТ-ке ұқсас бағалау жүйесі қолданылады. Ол сегіз жылдан бері мемлекеттік қызметке және «Болашақ» бағдарламасына қабылдауда сәтті пайдаланылып келеді.

5-сұрақ.

Ағылшын тілін оқытудың заманауи әдістемесі

Қазақ тілін оқытудың жаңа әдістемесі сияқты ағылшын тілін оқытудың заманауи әдістемесі енгізіледі. Әдістеме коммуникативті оқытуға көшуді білдіреді.

Бұл әдістеме бастауыш білімнің жаңартылған мазмұнына енген және 2016 жылдың 1 қыркүйегінен бастап қолданылады. Жаңа әдістеме бойынша жасалған оқулықтар дайын, ағылшын тілі мұғалімдері қажетті оқудан өтті. 2017 жылдан бастапалатын әдістемені 2,5 және 7 сыныптарға ендіру жоспарлануда. Осыған орай ағылшын тілі мұғалімдері тиісті біліктілікті арттыру курсынан өтеді. Жыл сайын білім және ғылым министрлігі ағылшын мұғалімдерін және пәндерді ағылшын тілінде оқытатын мұғалімдерді қайта даярлауға 10 мың орын бөледі.

Үстіміздегі жылдың күзінде мұғалімдерді ағылшын тілінің заманауи әдістемесіне үйрете бастаймыз. Бұл жұмыс 3 жыл бойы жалғасады.

Тілдік біліктілікті арттыру курсы (өндірістен қол үзіп оқу) ағылшын тілін игеру деңгейіне қарай 1 айдан 5 айға дейін өткізеді. Бұл кезде мұғалім

жалақысы сақталып, қонақүйде тұруы мен іссапар шығыстары өтеледі.

Қазақстанның барлық облыс орталықтарында тілдік орталықтар ашылады.

Еліміздің барлық мектептері міндетті түрде жаңа оқулықтар және оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз етіледі:

2016 жылғы 1 қыркүйекте - 1- сынып;

2017 жылғы 1 қыркүйекте - 1,2,5,7- сыныптар;

2018 жылғы 1 қыркүйекте - 1,2,3,4,5,6,7,8,10- сыныптар;

2019 жылғы 1 қыркүйекте- 1,2,3,4,5,6,7,8,9,10,11- сыныптар

2016-2019 жылдардағы өтпелі кезеңде мұғалімдерге әлі міндетті бола қоймаған сыныптардың жаңа ағылшын тілі пәнінің оқулықтарын қосымша әдебиет ретінде қолдануға құқық беріледі.

6-сұрақ.

2019 жылдан бастап жоғары сыныптарда пәндерді ағылшын тілінде оқытуды енгізу

Қазіргі әлемде адамдардың басым бөлігі (2016 жылы- 1.5 миллиард) ағылшын тілінде сөйлеседі. Әлемде интернет мазмұнының жартысынан астамына (55,7%) ағылшын тілінде қол жеткізуге болады.

Қазақстанда ата-аналардың көпшілігі (81%) балаларының ағылшын тілін білгенін қалайды. Алайда тек 34%ата-ананың ғана керекті жағдай туғызуына (тілдік курстарға жіберуіне) мүмкіндігі жетеді.Ата- аналардың 27%- да ондай мүмкіндігі жоқ.Олар бұл мәселеде тек мектепке үміт артуға мәжбүр.

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша 2020 жылға қарай жоғары оқу орындары барлық техникалық және медициналық мамандықтар бойынша ағылшын тілінде оқытуға көшеді. Сондықтан барлық мектептер дайын болуы тиіс.

2019 жылдан бастап 10 және 11- сыныптарда балаларды техникалық және медициналық мамандықтарды (Назарбаев Университеті, KIMEP, ҚБТУ ұстанымдары бойынша) ағылшын тілінде оқытуға көшетін қазақстандық жоғары оқу орындарына түсуге дайындай бастайды. 2019 жылға дейін біз кадрларды даярлаумен айналысатын боламыз.

4 пәнді ағылшын тілінде оқытуды енгізу кезең-кезеңімен, мұғалімдердің және оқушылардың дайындығына қарай жүргізіледі.

2016 жылдан 2019 жылға дейін 10-11 сыныптар үшін пән мұғалімдері мен ағылшын тілі мұғалімдерінің дайындығы жүргізіледі. Пәндерді оқыту тілі өзгермейді: қазақ тілінде білім беретін мектептерде оқу қазақ тілінде, орыс тілді мектептерде - орыс тілінде жалғастырылады.

2019 жылдан бастап 4 пәнді ағылшын тілінде оқыту тек қана 10-11 сыныптарда енгізіледі 1-9 сыныптарда оқыту жүйесі өзгермейді.

9-сыныпта негізгі орта білім аяқталатынын Сіздер жақсы білесіздер, оқушы оны өзінің оқып жүрген тілінде (қазақша не орысша) аяқтайды.

9-сыныптан кейін оқушылар әдеттегідей үш жолдың біреуін таңдайды: колледжге түсу, жоғары сыныптарда қоғамдық-гуманитарлық немесе жаратылыстану-математика бағыты бойынша оқу. Бұл бүгінгі өзінде қалыптасқан тәртіп. Өзгеретіні, 2019 жылдан бастап қоғамдық-гуманитарлық бағытты таңдаған оқушыларға 2 пән (STEM (кіріктірілген оқыту) және АКТ) ағылшын тілінде аптасына 2 сағаттан ғана оқытылады. Жаратылыстану-математика бағытын таңдаған оқушыларға төрт пәннің (физика, химия, биология және информатика) екеуі ағылшын тілінде жүргізіледі.

7-сұрақ.

Бірыңғай оқулықты енгізу

Бірыңғай базалық оқулық келесідей мүмкіндіктерге жол ашады:

- бюджеттік қаржыны үнемдеу, өйткені құқық мемлекетке берілген;
- оқулықтарды жергілікті жерлерге жеткізу жылдамдығын арттыру;
- оқулықтардың мазмұнын үнемі жақсарту;
- қосымша сандық ресурстармен онлайн қолдауды қамтамасыз ету.

Бірыңғай базалық оқулықтар 2016-2017 оқу жылынан бастап Қазақстанның барлық мектептерінде ене бастай-

ды. Бірыңғай базалық оқулықтар жаңартылған мазмұнға көшу кестесіне сәйкес енгізіледі:

2016 жылғы 1 қыркүйекте – 1 сынып;

2017 жылғы 1 қыркүйекте – 1, 2, 5, 7 сыныптар;

2018 жылғы 1 қыркүйекте – 1, 2, 3, 5, 6, 7, 8, 10 сыныптар;

2019 жылғы 1 қыркүйекте – 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11 сыныптар.

Мектепте пайдалануға рұқсат берілген қосымша әдебиеттердің тізімі кеңейтіледі.

8-сұрақ.

Оқу бейнематериалдары

Бейнематериал – дәстүрлі оқу процесінің тиімділігін арттыратын керемет құрал. Себебі, оның көмегімен оқушыларды көрнекті және есте қалатындай оқытуға болады. Демек, оқуға деген қызығушылықты еселеп арттыруға септігін тигізеді.

Қазірдің өзінде 700 мектеп Қазақстанда және шетелде әзірленген (мысалы, БілімLand) оқу бейнематериалдарын қолданады. Бұл материалдарды қолданған мұғалімдердің пікірі өте жақсы.

Бейнематериалдар мен интерактивті тапсырмаларды күнделікті қолдану үшін 2016-2017 оқу жылынан бастап Министрлік барлық мектептерді тиісті техникалық құрал-жабдықпен (экран, проектор, компьютер) қамтамасыз етуді жоспарлап отыр. Бірінші кезекте аз қамтылған мектептер жабдықталады.

Интернет желісіне қосылмаған мектептерде сандық ресурстар мектептердің серверлеріне орналастырылып, үнемі жаңартылып тұрады.

9-сұрақ.

Шағын жинақты мектептермен жұмыс

Шағын жинақты мектептер (ШЖМ) – халық тығыздығы төмен елдерге тән проблема (мысалы, Канада, Аустралия, Ресей, Қазақстан және т.б.).

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі ірі қалалық және шағын жинақты мектептердің оқушыларын оқыту сапасын теңестіру міндетін қойып отыр.

Қазіргі таңда Қазақстандағы мектептердің 44%-ы шағын жинақты мектептер. Бұл мектептерде оқушылардың 7,8%-ы оқиды. ШЖМ-де 55 мың педагог жұмыс істейді (бүкіл педагогтердің 17%-ы). Бүгінгі күні 463 шағын жинақты мектепке қызмет ететін 148 ресурстық орталық жұмыс істейді.

Министрлік ШЖМ-нің проблемаларын шешудің 4 бағыты белгілеп отыр:

- 1) электронды контенті пайдалану:
 - 2020 жылға дейін мектептердің 100%-ы АКТ-ны қолданатын болады;
 - барлық ШЖМ интернетке кіру мүмкіндігінсіз де электрондық контентпен қамтамасыз етілетін болады;
 - мектептер, бірінші кезекте ШЖМ 50 мың бейнеэкранмен, БілімLand-ты қоса есептегенде бейне және интерактивті материалдар орналастырылған проекторлармен және компьютерлермен жабдықталады (3 тілдегі 40 мыңнан астам бейне-сабақтар мен интерактивті тапсырмалар);
 - БілімLand материалдары және құралдарымен жабдықтау 2016 жылдан басталады;
- 2) педагогтерді даярлау:
 - Министрлік біріктірілген сыныптар мен шекаралас пәндерге мұғалімдерді даярлау мәселесін шешеді. Ауылдық мектептерге баса назар аударылады;
- 3) жас кадрларды тарту:
 - мектептерге жас мамандардың келіп орналасуы, соның ішінде «Болашақ» бағдарламасын қайта қарау есебінен қамтамасыз етілетін болады;
 - 4) қолжетімділікті арттыру:
 - 2020 жылға дейін ресурстық орталықтар саны 200-ге дейін көбейетін болады;
 - мектептері жоқ ауылдарда тұратын балаларды мектепке және үйге тасымалдауды ұйымдастыру жұмысы жалғасын табады;
 - тиісті қажеттілігі бар өңірлерде мектеп жанындағы интернаттар салу жұмысы жалғасады.

10-сұрақ.

ҰБТ-дағы өзгерістер

2004 жылы Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша енгізілген Ұлттық бірыңғай тестілеу (ҰБТ) рәсімі енгізіліп, өз міндетін орындады:

сыбайлас жемқорлыққа тосқауыл қойды, (Басы. Соңы 6-бетте)

БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНЫҢ ӨЗЕКТІ 12 МӘСЕЛЕСІ

(Соңы. Басы 5-бетте)

әлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз етті және жоғары оқу орындарына түсуге тең жағдай жасады.

Өздеріңіз білетіндей, биылғы жылдан бастап жоғары оқу орнына түсу үшін шекті балл жинай алмағандарға ҰБТ-ны ақылы негізде бірнеше рет қайта тапсыруға рұқсат беріледі.

2017 жылғы түлектер үшін ҰБТ екі рәсімге бөлінеді: мемлекеттік емтихан түрінде мектептердегі қорытынды аттестаттау және таңдаған мамандығына байланысты 14 пәннің ішіндегі екі бейіндік пән бойынша ҰБТ. Толық ақпаратпен ҚР Білім және ғылым министрлігінің www.edu.gov.kz сайтынан, Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің www.control.edu.gov.kz сайтынан танысуға болады.

Мектеп оқушыларын қорытынды аттестаттауға арналған пәндер тізбесіне мемлекеттік және орыс тілдері тапсыруға міндетті пәндер болып енеді.

ҰБТ бұрынғыдай тестілеу түрінде арнайы тестілеу орталықтарында өткізіле береді. ҰБТ-ны қайта тапсыру құқығы сақталады.

Қолға алынған шаралар ҰБТ-ның икемді жүйесін құруға мүмкіндік беріп, оқушылардың моральдық-психологиялық проблемаларға ұшырауынан сақтап, жоғары оқу орындарына сапалы және әділ іріктеуді қамтамасыз етеді.

ҰБТ-ның ұсынылып отырған жаңа форматын талқылау 2016 жылдың 1 қазанына дейін жалғасады. Талқылау қорытындысы бойынша соңғы шешім

қабылданады.

11-сұрақ.

Мұғалімдердің жүктемесі

Бастауыш мектеп мұғалімдерінің қалыпты апталық жүктемесі 18 сағатты құрайды.

Әрбір мектеп әкімшілігі оқу жүктемесін оқу орнындағы жағдайға байланысты бөледі.

Бастауыш сынып мұғалімдері барлық негізгі пәндерді оқытуға құқылы. Тек үш пәнді, атап айтқанда, барлық мектептерде ағылшын тілін, орыс тіліндегі мектептерде қазақ тілін және қазақ тіліндегі мектептерде орыс тілін арнайы пән мұғалімдері ғана жүргізе алады.

Бастауыш мектеп мұғалімінің апталық жүктемесі 18-19 сағатты құрауы мүмкін: сауат ашу – 6 сағ., математика – 4 сағ., жаратылыстану (жаңа пән) – 1 сағ., дүниетану -1 сағ., музыка -1 сағ., өзін-өзі тану -1 сағ., көркем еңбек – 1 сағ., дене тәрбиесі – 3 сағ., вариативті компонент (дамыту сипатындағы сабақтар) – 2 сағ.

«Жаратылыстану» пәні ендіріледі, ол бір сағат оқу жүктемесінің орнын толтырады.

«Өзін-өзі тану» пәні оқыту кезінде балалардың топтарға бөлінетінін ескеріп, 2016 жылдың басынан бері 1-сыныпта бұл пәнді сертификаты жоқ мұғалім оқу жылы аяғына дейін сертификатты алатын жағдайда жүргізе алады. 1-сынып мұғаліміне қосымша сағат үлгілік оқу жоспарының вариативті компоненті есебінен берілуі керек.

«Көркем еңбек» сабақтарын мұғалім сертификатсыз жүргізуге құқығы бар.

Жаңартылған білім мазмұнына көшу барысында қалған сыныптардың 2017-2018 оқу жылына арналған оқу жүктемесі есептелуде Биылғы жылдың соңына дейін 2, 5, 7-сыныптардың оқу жүктемелері белгіленбек.

Сағаттардың жалпы саны бұрыннан бар нормативтер шегінде қалады.

12-сұрақ.

Мектептердің есеп беруін азайту

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің сараптамасы бойынша, мемлекеттік ұйымдар мен жеке тұлғалардың білім басқармаларына жолдайтын өтініштері мен хаттарының саны кей жылдары 9 мыңға дейін жеткен.

Жағдайы түбегейлі өзгерту қажет екенін түсіне отырып, біз 4 проблеманы айқындап отырмыз:

1) есептердің шамадан тыс көп болуы;
2) деректердің қайталануы (өртүрлі есептердегі бірдей деректер);
3) жаңа деректерді жиі сұрату;
4) барлық мемлекеттік ұйымдардың мектепке тікелей шығуға құқылы болуы.

Министрлік бұл бағыттардың

әрқайсысы бойынша жұмыс істеуде:

1) ҚР «Білім туралы» Заңына сәйкес барлық мемлекеттік органдар мен әкімдіктерге арналған Ұлттық білім беру деректер қорын (ҰБДҚ) жетілдірумен айналысып келеміз;

2) Есептердегі деректердің қайталауын болдырмау үшін өзге мемлекеттік ұйымдар сұранысына бойынша ҰБДҚ-ға 12 жаңа көрсеткіш қосылды;

3) деректерді жаңалау талабын қанағаттандыру үшін ҰБДҚ жылына 2 рет

(қазан, наурыз) жаңартылатын болады;

4) «Күнделік» атты электронды құралды енгізу мектептердегі академиялық есептілікті толтырудан толық құтылуға мүмкіндік береді. 2017 жылы барлық мектептерде «Күнделік» электронды күнделігі енгізілетін болады. Бұл үш жылдың ішінде дәстүрлі қағаз құжаттамасынан (сынып журналынан) кезек-кезеңімен бас тартуға мүмкіндік береді.

Мұғалімдермен тікелей байланыс

ҚР Білім және ғылым министрлігі әрбір мұғалімге ақпаратты тікелей жеткізуге және оларды білім берудегі жаңалықтардан уақытылы хабардар етуге мүдделі. Мұны әрбір мұғалімнің электронды поштасы (e-mail) арқылы істеуге болады. 2016 жылдың шілде айынан бастап Министрлік білім беру бағдарламалары және көкейкесті мәселелер жөнінде мұғалімдер пошта-сына егжей-тегжей ақпаратты жөнелтуді тәжірибеге енгізді.

Министрлік алдағы уақытта маңызды шешімдерді қабылдамастан бұрын мұғалімдердің жолдайтын пікірлеріне сүйенуді көздейді.

Жиі қойылатын сұрақтарға міндетті түрде жауап қайтарылады. Министрлік ұстаздардың диалогқа белсене қатысатындарына сенім білдіреді.

ШҚО ішкі саясат басқармасы.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕС

Қоғам өмірінде түбегейлі шешімі табылмай тұрған мәселе, ол - коррупция. Елімізде осы мәселеге арнайы қабылданған заңдар да, атқарылып жатқан жұмыстар да баршылық, бірақ бұл мәселе әлі толық шешімін тапқан жоқ. Сыбайлас жемқорлық әлеуметтік – экономикалық даму, нарықтық экономиканы құру инвестициялар тарту процесін баяулататын және демократиялық мемлекеттің саяси және қоғамдық институттарына кері әсер ететін, елдің даму болашағына айтарлықтай қауіп төндіретін құбылыс. Кез-келген өркениетті қоғам үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес ең өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Сыбайлас жемқорлық мемлекетті ішінен жоюдың бастамасы мен жетістіктерді жоққа

шығаратын, ұлттық қауіпсіздікке қауіп-қатер әкелетіндігі күмәнсіз. Сондықтан да Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізгі басымдықтарының бірі болып осы зұлымдықпен күресу болып табылады. Біздің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа орын жоқ. Қоғамның барлық күш-жігерін біріктіріп, осы дерттің одан әрі ушықпауы үшін оны тоқтатудың барлық амалдарын қолдану арқылы ғана бұл құбылысқа тиімді түрде қарсы тұруға болады.

К.Жексембаев,
Алтынбел ауылдық округінің әкімі.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ -ҚОҒАМДЫҚ ДЕРТ

Сыбайлас жемқорлық - бүгінгі таңдағы басты қауіп және қасірет. Жемқорлыққа қарсы күрес және құқық бұзушылықты болдырмау, қылмыстың алдын алуға байланысты жылдық іс-шара жоспары жасалып, соған сәйкес жұмыстар атқарылды. «Жемқорлық - қоғамдық дерт» тақырыбымен стенд безендірілді. Ауыл тұрғындарының, қызметкерлердің арыз-шағымдарын және мемлекеттік қызмет көрсетуге арналған өз ой пікірлерін салатын жәшіктер орналастырылды. Оқушылар арасында-сыбайлас жемқорлық деген ұғымды түсіндіріп, пайда болу жағдайлары жайлы түсінік қалыптастырып, дүниетанымын кеңейтуге кеңінен жол берілді. Сыбайлас жемқорлық - өз мүддесін асыра пайдалану екендігі түсіндірілді. Тарих пәнінің мұғалімі Г.

Қарақасова «Сыбайлас жемқорлық туралы не білесіз?» тақырыбында 9-сыныпта сабақ өткізіп, ғасыр дертінің орасан зиянына тоқталды. 6-8-сыныптарда «Мен сыбайлас жемқорлыққа қарсымын» атты тақырыпта слайд көрсетіліп, талқыланды. Ғасыр биігіне көтерілген сайын қоғамға дендеп енген жемқорлық індеті оқушыларға ең көлемді түсінік қалыптасса, жемқорлықпен күресуге әр уақытта бағыт-бағдар беріліп, жүйелі жұмыстар атқарылса кейінгі жас жеткіншек, келер ұрпақ құқық бұзушылыққа жол бермейді.

Г. Нургалиева,
Жаңа-Үлгі негізгі орта мектебі.



СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚТЫ БОЛДЫРМАУ - БАСТЫ ПАРЫЗ

Еліміздегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мемлекеттік саясаттың негізгі басымдықтарының бірі ретінде айқындалған. Себебі, сыбайлас жемқорлық еліміздің әлеуметтік – экономикалық дамуына кері әсер ететін, елдің даму болашағына айтарлықтай қауіп төндіретін құбылыс екені анық.

Аталған дертпен күресу арқылы жемқорлықтың жолын кесу әрбір азаматтың парызы. Бұл бағытта Жамбыл орта мектебінде де жүйелі жұмыстар жүргізіліп келеді. Жуықта мектеп қызметкерлері арасында "Сыбайлас жемқорлықпен күрес-ортақ парызымыз" атты дөңгелек үстел өткізілді. Кәсіподақ ұйымының төрайымы Гүлбахыт Тауданбекова өз баяндамасында: «Сыбайлас жемқорлық ел экономикасының көтерілуіне үлкен кедергі келтіріп отырған қоғамымыздың ең басты қауіп - қатерлерінің бірі болып табылады,-деп таныстырды. Сондықтан да оны болдырмау, алдын-алу мақсатында елімізде көптеген іс-шаралар жоспарланып, жүзеге асырылуда.

Мектепте жүргізіліп отырған жұмыстармен мектеп директоры Роза Аугонбаева таныстыра келіп, арнайы стенділер және жәшік қойылып, оған байқалған іс-әрекеттер жайында жазып салу керектігі барлық ата-аналарға, мектеп қызметкерлеріне түсіндірілгендігіне тоқталды. Алайда, жемқорлықпен күрес барысы күн сайын қарқын алып келеді дегенімізбен, жегі құртқа айналған осы бір қатерлі дерттен бойын аулақ ұстағысы келмейтіндердің қатары да уақыт өткен сайын көбейе түсуде. 1998 жылдың 2 шілдесінде Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңы қабылданып, онда сыбайлас жемқорлықпен күресу әрбір мемлекеттік органдар басшыларының, ел азаматтарының міндеті екендігі атап көрсетілді. Аталмыш заң азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға, сыбайлас жемқорлық көріністерінен туындайтын қауіп-қатерден еліміздің ұлттық қауіпсіздігін қамтамсыз етуге, жемқорлыққа қатысты құқық бұзушылықтың алдын алуға бағытталған. Қоғамымыздың барлық саласына дендеп еніп бара жатқан жемқорлықтың жолына батыл тоқсауыл қойып, олардың зардаптарын жою және мүдделілерді жауапқа тарту бүгінгі күннің ең басты міндеттерінің бірі.

Дөңгелек үстел барысында сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылығын алдын – алу туралы ұсыныстарды қарастырды. Осы іс-шараға қатысушылар пайдалы ақпараттар алып, бір-бірімен қызықты пікір алмасты. Алдын алу және түсіндіру жұмыстары нәтижесінде қызметкерлер тарапынан сыбайлас жемқорлық фактілеріне жол берілген жоқ. Алдағы уақытта да мектепте сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шаралар басшылыққа алынып, жұмыс жасалынады.

Гүлбақыт Тауданбекова,
Жамбыл орта мектебі кәсіподақ
ұйымының төрайымы.

Жастар сыбайлас жемқорлыққа қарсы

Қазіргі уақытта сыбайлас-жемқорлық әлеуметтік құбылыс ретінде әлемнің барлық елдерінде, оның ішінде Қазақстанда да тамырын жайып отыр. Сыбайлас жемқорлық әлеуметтік-экономикалық даму үрдісіне, рыноктық экономиканың құрылысына, инвестицияларды тартуға залалын келтіруде. Демократиялық мемлекеттің саяси және қоғамдық институттарына да кері әсерін тигізуде, болашақтағы еліміздің дамуына үлкен қатер төндіруде.

Малонарым орта мектебінде жастардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарасын қалыптастыру мақсатында «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы оқушылардың көзқарасы» тақырыбында дөңгелек үстел отырысы өткізілді. Бұл іс-шараның басты иде-

ясы: сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы түсіндіру, жалпы білім беретін мектептердің жоғары сынып оқушыларына және оқушы жастарға сыбайлас-жемқорлық туралы түсінік беру, сыбайлас-жемқорлыққа қарсы әрекеттер бойынша шараларды жетілдіру, оқушылар арасында сыбайлас-жемқорлыққа қарсы тәртіп пен бекітілген заңды сақтауды қадағалау, жас тәрды сыбайлас-жемқорлыққа қарсы әрекет рухына тәрбиелеу.

Мектеп мұғалімдері Г.Тамырбаева және Н.Ибрайханова «ҚР ҚК және ҚР ӘҚБК бойынша сыбайлас-жемқорлық туралы түсінік және оның сипаттамасы», «Жемқордың тұлғасы» тақырыптарында баяндама жүргізді. Отырысқа оқушылармен бірге сы-

нып жетекшілері, педагогтар да қатысты. Дөңгелек үстел отырысы «Сыбайлас жемқорлық қылмысы бойынша қылмыстық және әкімшілік жауапкершілік» тақырыбында интерактивті ойын өткізумен аяқталды.

Жоғары сынып оқушыларының алған білімдері өмірдегі сыбайлас-жемқорлықтың кез-келген құбылысына қарсы тұруға көмектеседі деп сенгіміз келеді. Жастар сыбайлас жемқорлыққа қарсы! Еліміздің болашағы жас ұрпақтың қолында!

Гүлнар Жақсылықова,
директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.

СЫБАЙЛАС-ЖЕМҚОРЛЫҚ ДЕГЕН НЕ, ОНЫМЕН КҮРЕС ҚАФИДАЛАРЫ

(Жалғасы. Басы газеттің өткен сандарында)

4.3. Лауазымды өкілеттікті асыра пайдаланудың қайсысы сыбайлас-жемқорлыққа жатады?

Лауазымды өкілеттікті асыра пайдалану, практика көрсеткендей, ең көп тараған қылмыс, сондай-ақ басқа қылмыстарды, оның ішінде сыбайлас-жемқорлық қылмысты жасау үшін тәсіл болып табылады. Лауазымды қылмыс сондай-ақ басқа қылмысты жасау үшін тәсіл болып табылады және жиі қабысып жүреді, мысалы:

-тездету және әр түрлі процедураларды, ережелерді айналып өту үшін шенеуніктердің пара алуы, бопсалау, заңсыз тексерістер, бөтен мүлікті тартып алу, мемлекеттік қаражатты және жер учаскелерін заңсыз пайдалану, ақша үшін лицензиялар және басқа рұқсат құжаттар беру;

-мемлекеттік меншікті, ғимаратты, құрылысты, табиғи ресурстарды заңсыз пайдалану, заңсыз жекешелендіру, мемлекеттік қаражатты ұрлау, асыра сілтеулікпен сыйлықтар төлеу, тендер мен мемсатып алған кезде асыра сілтеушілік;

-монополияға қарсы заңнаманы және шынайы бәсекелестікті бұзу, өз мүддесіне кадр сұрақтарын шешу, саяси сыбайлас-жемқорлыққа және ықпал жасаудың сыбайлас-жемқорлық саласын жасауға дейін бару, дауыс берген кезде пайдалы заңдар үшін дауыс сату және сот шешімдерін сату және БАҚ-қа пара беру.

Бұл қылмыстың объектісі басқару тәртібіне, орнықты жұмысқа және мемлекеттік биліктің барлық сала органдарының мемлекеттік қызметінің мүддесіне, оның ішінде заңнама, атқарушы, сот органдарына, сонымен қатар өзін-өзі басқару органдарына қасқойлық болып табылады. Коммерциялық немесе басқа ұйымда лауазымды өкілеттікті асыра пайдалану қаралып отырған баптың заңдылық ауқымына кірмейді және Қылмыстық кодекстің басқа баптарымен қарастырылғаны жөнінде айта кеткен жөн.

Мұндай сыбайлас-жемқорлық қылмыстың объективті жағы 307 баптың 1 бөлімінің диспозициясында көрсетілген: “Мемлекеттік міндеттерді орындауға өкілетті адамның немесе соған теңелген адамның өз қызметтік өкілеттігін пайда табу және өзіне немесе басқа адамдар, ұйымдарға басымдық алу үшін қызмет мүддесіне қайшы пайдаланса, онысы басқа адамдарға немесе ұйымдарға зиян әкелсе, егер бұл азаматтардың немесе ұйымдардың құқықтарын және заңды мүдделерін немесе заң қорғайтын қоғам немесе мемлекет мүдделерін айтарлықтай бұзуға әкеліп соқса”.

Лауазымды өкілеттікті асыра пайдалану мемлекеттік қызметшілердің заңмен бекітілген міндеттерін бұзу және заңдармен, ережелермен, нұсқаулармен және басқалармен реттелетін олардың құзыретіне кірмейтін іс-әрекет орындау болып табылады. Мұндай жағдайда қылмыс себебі пайда табу және өзіне немесе басқа адамдарға және ұйымдарға басымдық алу болып табылады. Лауазымды өкілеттікті асыра пайдалану іс-әрекет жасаумен қатар іс-әрекет жасамау болып табылады. Адам іс-әрекетті тек қана өзінің қызметтік жағдайына қарай жасай алатынын атай кеткен жөн. Іс-әрекет жасамады деп лауазымды адамның өз қызметтік міндетін атқармағаны аталады.

Бұл қылмыстың субъектілеріне ҚР ҚК 307 бабының 1-3 бөліміне “Лауазымды өкілеттікті асыра пайдалану” сәйкес мемлекеттік міндеттерді орындауға өкілетті адамдарды немесе соларға теңелген адамдарды, лауазымды адамдарды және жауапты мемлекеттік лауазымға ие адамдарды жатқызады.

Лауазымды өкілеттікті асыра пайдалану азаматтардың конституциялық құқықтары мен еркіндіктеріне айтарлықтай зиян әкелуі мүмкін, мемлекеттік органдар

беделін түсіруі, басқа қылмыс жасауға және оларды жасыруы мүмкін.

4.4. Не азаматтардың, ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін айтарлықтай бұзу болып табылады?

Азаматтардың, ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін немесе қорғалатын мүдделерді айтарлықтай бұзу оларға айтарлықтай материалдық зиян келтіру болып табылады. Келтірілген материалдық зиян мүліктік, жеке бастық және ұйымдастырулық болуы мүмкін. Мүліктік материалдық зиян ең төмен есеп айырысу мөлшерінде қылмыс жасалған сәтке бірнеше реттік мөлшерде ақшалай белгіленеді. Сыбайлас-жемқорлық қылмыс нәтижесінде жеке адамға келтірілген зиян— лауазымды адамдардың асыра пайдалануы, мұндайда адамдарға айтарлықтай деп бағаланатын зиян келтіріледі, жәбірленушінің денсаулығына жеңіл, орта ауыршылықты зиян келтіріледі. Сыбайлас-жемқорлық қылмыс нәтижесінде заңды тұлғаға келтірілген зиян— бұл заңды тұлғаның қызметін тоқтатуы, өнім шығаруын тоқтатуы, ұйымның бірқалыпты жұмысына кедергі болып табылады.

4.5. Лауазымды өкілеттікті асыра пайдаланудың нәтижесінде бұзылған құқық қалай қорғалады?

Бұзылған құқықты қорғау үшін билік немесе басқару органына жүгіну сотқа құқық қорғау туралы талаппен жүгінуге кедергі болмайды, егер заңнамалық актімен басқа ештеңе қарастырылмаса.

Қолданыстағы заңнамаға сәйкес азаматтық құқықты қорғау сотпен, арбитраждық сотпен немесе төрелік сотпен құқықты мойындау арқылы жүзеге асырылады; құқықты бұзғанға дейінгі жағдайды қалпына келтіру; құқықты бұзатын немесе оны бұзу қаупін жасайтын іс-әрекеттің жолын алу; міндетті нақты орындауға мәжбүрлеу; шығынды, тұрақсыздық төлемді өтеу; келісімді заңсыз деп мойындау; моральдық зиянның орнын толтыру; құқықтық қарым-қатынасты тоқтату немесе өзгерту; мемлекеттік басқару органының немесе жергілікті өкілетті органның немесе атқарушы органның заңнамаға сәйкес емес актісін заңсыз немесе қолдануға жарамсыз деп мойындау; мемлекеттік органның немесе лауазымды адамның азаматқа немесе заңды тұлғаға құқық сатып алуға немесе жүзеге асыруға кедергі жасағаны үшін айыппұл салу. Құқығы бұзылған адам өзіне келтірілген шығынды толық өтеуін талап ете алады, егер заңнамалық актімен немесе келісім-шартпен басқа ештеңе қарастырылмаса.

Шығын деп құқығы бұзылған адам жасаған немесе жасауға тиіс шығыс аталады, оның мүлкінің жоғалуы немесе зақымдануы (нақты зиян), сондай-ақ осы адам құқығы бұзылмаса алатын кіріс (ала алмаған пайда) болып табылады.

4.6. Қылмыстық үдеріс жүргізуші органдардың қандай іс-әрекеттері заңсыз болып табылады?

Қылмыстық үдеріс жүргізуші органдардың іс-әрекеттері қылмысты жіктеу кезінде қылмыстық заңнаманың нормаларын дұрыс қолданбауы; тыйым салу шараларын немесе заң қарастырған процессуалдық мәжбүрлеу шараларын заңсыз қолдану; қылмыс жасады деген күдікпен ұсталған адамды оның өміріне және денсаулығына қауіпті жағдайда ұстау; тұтқындалмаған адамды соттың шешімі болмаса да сот-психиатриялық немесе сот-медициналық сараптама жасау үшін медициналық мекемеге мәжбүрлеп жатқызу; озбырлық, қаталдық немесе адам намысын қорлайтын әрекет жасау; қатысып отырған адамдардың өміріне және денсаулығына қауіпті жағдайда процессуалдық іс-әрекет жасау; қылмыстық үдеріске қатысушының арнамысын қорлайтын шешім қабылдау және іс-әрекет

жасау; ҚПК қарастырмаған мақсат үшін жеке өмір туралы, сондай-ақ адам құпияда ұстауды қажет деп есептеген жеке сипаттағы мәліметтерді пайдалану және тарату; заңсыз соттау; медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларды қолдану; тәрбиелеу ықпалы бар мәжбүрлеу шараларды қолдану және басқалары заңсыз болып табылады.

ҚР Жоғарғы сот Пленумының 1999 жылғы 9 шілдедегі “Қылмыстық үдеріс жүргізуші органдардың заңсыз іс-әрекеттерінен келтірілген зиянның орнын толтыру бойынша заңнаманы қолдану практикасы туралы” №7 қаулысында ақтау туралы шешім, сондай-ақ басқа шешім қабылдаған кезде, соңынан адамда зиянның орнын толтыру құқығы пайда болады, соттар процессуалдық құжаттарда олардың сондай құқығын мойындап, зиянның орнын толтыру тәртібін түсіндірмегені айтылады.

4.7. Лауазымды адамдардың заңсыз іс-әрекетінің нәтижесінде келтірілген материалдық, моральдық зиянның орны қалай толтырылады?

Жеке және заңды тұлғалар шенеуніктердің заңсыз іс-әрекетінің нәтижесінде келтірілген материалдық және моральдық зиян орнын толтыру туралы сотқа жүгінуіне болатынын білген дұрыс.

Мемлекеттік органдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, сондай-ақ лауазымды адамдар келтірген зиян үшін жауапкершілік ҚР Азаматтық кодексінің 922 бабымен қарастырылған:

-мемлекеттік орган заңнамалық актілерге сай емес актілер шығару нәтижесінде келтірілген зиян актілер шығарған органдардың және лауазымды адамдардың кінәсіне қарамастан сот шешімі негізінде орнын толтыруға жатады. Зиянның орны мемлекеттік қазына есебінен толтырылады. Қазынаның өкілі болып қаржы органдары немесе басқа органдар және арнайы тапсырма бойынша азаматтар шығады; -жергілікті өзін-өзі басқару органдары олардың органдарымен және лауазымды адамдарымен келтірілген зиян үшін сот тәртібімен жауап береді. Әкімшілік саласындағы мемлекеттік органдардың лауазымды адамдарының заңсыз іс-әрекеттерімен (әрекетсіздігімен) келтірілген зиянның орны осы органдардың билігіндегі ақша есебінен жалпы негізде толтырылады. Ол жетпеген кезде мемлекеттік қазына есебінен ақша бөлу арқылы жабылады.

ҚР Жоғарғы соттың 2001 жылғы 21 маусымдағы “Соттардың моральдық зиян орнын толтыру туралы заңнамасын қолдану туралы” №3 Нормативтік қаулысында (ҚР Жоғарғы соттың 2003 жылғы 20 наурыздағы №3 нормативтік қаулысымен енгізілген өзгертулерімен қоса) азаматқа ол туғаннан біткен немесе заң бойынша біткен құқыққа моральдық зиян келтіруі мүмкін жеке мүліктік емес құқықтар мен жайлықтарды бұзу, тартып алу немесе мәнін кеміту болып түсіндіріледі.

Адамға туғанынан біткен байлыққа өмірді, денсаулықты, ар-намысты, бостандықты, жеке бастың қауіпсіздігін жатқызуға болады, ал азаматтың құқықтарына—үй-жайына немесе меншікті мүлігіне қол сұқпау; жеке және отбасылық құпияға құқық; телефон, телеграфтық хабарларға және хат алмасуға құқық; атын пайдалануға құқық; бейнеленуге құқық; авторлық құқық және басқа жеке мүліктік емес авторлық құқық туралы заңнама қарастырған құқықтар; жүріп-тұру және мекен-жай таңдау құқығы; шынайы ақпарат алуға, сондай-ақ республиканың заңнамалық актілерімен қарастырылған басқа құқықтар.

ШҚО ішкі саясат басқармасы.
(Жалғасы газеттің келесі санында)

СІЗ БІЛЕСІЗ БЕ?

ТЕРРОРИСТІК АКТІЛЕРДІ БОЛДЫРМАУ ЖӨНІНДЕГІ ХАЛЫҚҚА АРНАЛҒАН ЖАДЫНАМА

АДАМ ҰРЛАУШЫЛАРМЕН ОЗАРА ҚАРЫМ-КАТЫНАС:

1) агрессивті қарсылық көрсетпеңіз, шалт және қауіп төндіретін қимыл жасамаңыз, террористерді өздері ойластырмаған іс-әрекеттерге итермелемеңіз;

2) мүмкіндігінше адам ұрлаушылармен тікелей көзбен арбасатын байланыстан қашыңыз;

3) бастапқыдан - ақ (әсіресе, бірінші жарты сағатта) адам ұрлаушылардың барлық бұйрығын және өкімін орындаңыз;

4) пассивті ынтымақтастық позициясын ұстаныңыз. Сабырлы дауыспен сөйлесіңіз. Басып алушылардың ашу-ызасын тудыруы мүмкін дұшпандық рең мен іс-қимылға шақыратын жек көрушілік сезімін білдіруден қашыңыз;

5) өзіңізді сабырлы ұстаңыз, бұл ретте өз абыройыңызды сақтаңыз. Үзілді-кесілді қарсылық жасамаңыз, бірақ өзіңізге өте қажетті жағдайда сабырмен өтініш жасаудан қорықпаңыз;

6) аталған жағдайда қатты күйзелуден қозғалуы мүмкін денсаулық кінәратыңыз болса, бұл туралы өзіңізді ұстап отырған адамдарға сабырлы түрде жеткізіңіз. Қалыптасқан жағдайларды ескере отырып, біртіндеп өзіңіздің жай-күйіңізді жақсартуға байланысты өтініштер деңгейін арттыруға болады.

КЕПІЛДІК ЖАҒДАЙЫНДА ҰЗАҚ БОЛҒАН КЕЗДЕ:

1) уайым, абыржу және асып-сасу сезімінің орын алуына жол бермеңіз. Алдағы сынақтарға өзіңізді ойша дайындаңыз. Ақыл-ой белсенділігін сақтаңыз;

2) ашыну сезімінің пайда болуынан қашыңыз, ол үшін өз-өзіңізді сендірудің ішкі ресурстарын пайдаланыңыз;

3) жағымды нұрселер туралы ойлаңыз және сондай жағдайларды еске түсіріңіз. Уақыт өткен сайын сізді

босату мүмкіндіктерінің арта түскенін ойлаңыз. Сізді дәл қазір босату үшін барлық мүмкіндіктердің жасалып жатқандығына сеніңіз.

4) өзіңізге тұрақты айналысатын бір іс (дене жаттығулары, кітап оқу, өмір туралы естеліктер және т.б.) табыңыз. Дене және интеллектуалдық іс-қимылдың тәуліктік кестесін белгілеңіз, оларды қатаң әдістемелік тәртіппен орындаңыз;

5) күшіңізді сақтау үшін, тіпті ұнамаса және төбетіңізді ашпаса да берген тағамның бәрін жеңіз. Осындай қысылтаяң жағдайда төбетіңіз бен салмағыңыздың жоғалуы қалыпты құбылыс болып табылатындығына ден қойыңыз.

Психологиялық орнықтылықты сақтау кепілдегі адамды құтқарудың маңызды шарттарының бірі. Мұнда ойдың айқындығын сақтауға, жағдайды дәлме-дәл бағалауға мүмкіндік беретін жағымсыз әсерлер мен күйзелістерден оқшаулайтын кез келген амал-әдістер тиімді. Келесі ережелерді ұғып алған пайдалы:

1) аталған жағдайларда қолайлы дене шынықтыру жаттығуларын жасаңыз, кем дегенде, денедегі барлық бұлшық еттерді кезек-кезек шырықтырыңыз және босаңсытыңыз;

2) барлық жағдайларда аутотренинг пен медитацияны қолдану өте пайдалы, олар өз психикаңызды бақылауда ұстауға көмектеседі;

3) ішіңізден оқыған кітаптарыңызды, өлеңдеріңізді, әндеріңізді есіңізге түсіріңіз, жүйелі түрде әр түрлі дерексіз проблемаларды (математикалық есептерді шығарыңыз, шетел сөздерін есіңізге түсіріңіз және т.б.) ойлап алыңыз. Сіздің ақыл-ойыңыз жұмыс істеуі керек.

4) егер мүмкіндік боласа, қолыңызға түскеннің бәрін, тіпті оның мәтіні сізге мүлдем қызықсыз болса да оқыңыз. Сондай-ақ жазғандарыңызды қайтып алатынына қарамастан, жазуыңызға да болады. Ақыл-есті сақтауға көмектесетін осы үдерістің өзі маңызды.

5) Болып жатқан жағдайларды жүрегіңізге жақын алмай, сырттан қарауға тырысыңыз, соңына дейін істің сәтті аяқталатынына сеніңіз. Қорқыныш, торығу мен селқостық – бұл үшеуі сіздің негізгі жауыңыз, оның бәрі – өз ішіңізде жатыр.

ЭВАКУАЦИЯЛАУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ АЛҒАН КЕЗДЕГІ ТҮРҒЫНДАРДЫҢ ІС-ҚИМЫЛДАРЫ ЖӨНІНДЕГІ ЖАДНАМА

Егер сіз қауіпсіз жерге көшіруді бастау туралы ақпаратты үйіңізде естісеңіз:

1) ауа-райына қарай киініңіз, құжаттарыңызды, ақшаларыңызды, бағалы заттарыңызды алыңыз;

2) электрді, газды, суды ажыратыңыз, пештегі (алау ошақтағы (камин) отты сөндіріңіз;

3) көшу кезінде қарияларға және ауыр науқастарға көмек көрсетіңіз;

4) кіреберіс есікті құлыпқа жабыңыз;

5) ғимараттан шығыңыз және көшірушінің командасын орындаңыз, тастап кеткен үй-жайға жауапты адамдардың рұқсатынан кейін ғана қайта оралыңыз.

Егер сіз қауіпсіз жерге көшіру туралы ақпаратты жұмыс орныңызда естісеңіз:

1) асықпай және дүрлікпей жұмыс құжаттарыңызды сейфке немесе кілтпен жабылатын үстел жәшіктеріне жинаңыз;

2) өзіңізбен бірге жеке заттарыңызды, құжаттарыңызды, бағалы заттарыңызды алыңыз;

3) ұйымдастыру техникаларын, электр құрылғыларын сөндіріңіз;

4) есікті кілттеп жабыңыз және көшіру тәсілінде белгіленген бағытпен жүріңіз;

5) ғимараттан шығыңыз және көшіру басшысының командасын орындаңыз.

ШҚО Ішкі саясат басқармасы.

КЕЛІСІМШАРТ БОЙЫНША ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТКЕ ШАҚЫРАМЫЗ!



Катонқарағай ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі 2016 жылдың 1 қантар айының бастап, әскери қызметке келісімшарт негізінде азаматтарды қабылдау

жұмыстарын жалғастырады.

Келісімшарт негізінде әскери қызметке 19 жастан 35 жасқа дейінгі әскер қатарында болған, Қазақстан Республикасының кез келген азаматы бара алады. Үміткерлердің денсаулық жағдайы, соттылығы тексеріледі. Бұрын-соңды істі болған, соттылығы бар азаматтар әскери қызметке қабылданбайды.

Келісімшарт бойынша әскери қызметтің қандай артықшылығы бар?

1. Лайықты жалақы, әскери атағы мен лауазымына қарай, қызмет өткерген жылдарға сай жалақыны көтеру.

2. Тұрғын үймен қамтамасыз ету. Қызметтік тұрғын үй болмаған жағдайда-пәтерді жалға алуға ақшалай өтемақы төлеу (отбасы мүшелерінің санына және қызмет орнына сай).

3. Әскери қызметшілер мен отбасы мүшелерін медициналық қамтамасыз ету.

4. Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындарында оқу үшін төленетін соманың 50%-ын өтеу.

5. Әскери қызметшілердің балаларына тұрғылықты мекен-жайда орналасқан балабақшадан кезектен тыс орын беру және басқа жеңілдіктер.

Қазіргі кезде Әскемен қаласында орналасқан әскери бөлімде солдат - сержант бос лауазымдары бар.

Ниет білдіруші азаматтар қорғаныс істері жөніндегі бөлімге, немесе 8-723-41-2-15-47, 2-17-07 байланыс телефондарына хабарласуларына болады.

М. Алтынбеков,
келісімшарт бойынша әскери қызметке қабылдау және әскерге шақыру бөлімшесінің бастығы, капитан.

«101 хабарлайды»

АЙЛЫҚ ЖАРИЯЛАНДЫ

Катонқарағай ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі Сіздерге хабарлайды: 2016 жылдың 02 қыркүйегінен 03 қазанына дейін аудан аймағында өрт қауіпсіздік айлығы өткізілуде. Осыған байланысты аудан аумағындағы елді мекендердегі тұрғындармен үгіт-насихат жұмыстары жүргізіліп және тексеру барысында жылыту жүйелеріне, жем- шөп азықтарын сақтау, электр қыздыру аспаптары мен электротехникалық бұйымдарына қойылатын өрт қауіпсіздік талаптарына аса көңіл бөлінеді. Сонымен қатар, өрт қауіпсіздік ережелерін орындамаған тұлғалар ҚР ӘҚБК 410 бабының 1 тармағы бойынша әкімшілік жазаға тартылатындығын ескертеміз.

Осы жеңіл ережелерді сақтай отырып, Сіздер өздеріңіздің жақын адамдарыңыз бен көршілеріңіздің өмірін және жинаған еңбектерін сақтай аласыздар.

Өрт сөндіру бөлімдерінің мекен жайы:
Үлкен-Нарын ауылы, № 36 ӨСБ, 101, 2-13-01 телефондары.
Катонқарағай ауылы, № 37 ӨСБ, 101, 2-12-63 телефондары.

Н. Қабидолдин,
Катонқарағай ауданының төтенше жағдайлар бөлімінің аға инженері, азаматтық қорғау майоры.

ХАБАРЛАНДЫРУЛАР

Ауыл орталығында 5 бөлмелі, жиналған үлкен үй сатылады. Орталықтандырылған су жүйесіне қосылған, пешпен және электр қуатымен жылытылады, ішінде санитарлық тораптары, барлық шаруашылық құрылыстары, моншасы, кірпіштен салынған үлкен көлікжайы, бау-бақшалық жері бар. Ғаламтор, WI-Fi. ID tv орнатылған. Бағасы келісім бойынша, саудаласуға болады.

Үлкен Нарын а. Телефон: 2-11-68; 87474984350. 87022895973.

Тумарбаев Еркін Федоровичтің атына берілген экологиялық куәлік жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

Жедел түрде 4 бөлмелі ағаш үй сатылады. Жазғы ас үйі, моншасы, көлікжайы, бау-бақшалық жері және барлық шаруашылық құрылыстары бар. Бағасы келісім бойынша.
Мекен-жайы: Үлкен Нарын ауылы, Пушкин к-сі, 38 үй. Тел. 2-19-09; 87776709232.

Оралхан Бөкей атындағы Белқарағай орта мектебін 2002 жылдың 18 маусымында бітіргені туралы **Жексенбаева Самал Кумарбековнаның** атына берілген сериясы ОБ №0671965 орта білім туралы аттестат жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

ЕСКЕ АЛУЛАР



Катонқарағай ауылының тұрғындары болған, асыл анамыз ЖАЙЛЫБА-ЕВА КҮЛБАРЫН НУРИМАНҚЫЗЫНЫҢ, қамқор әкеміз АБДУЛОВ ТАСТАНБЕК НУРСЕЙІТҰЛЫНЫҢ бақилық болғандарына 1 жыл және 7 ай толуына орай сағынышпен еске аламыз.

Қамқор әкем, асқар тауым, қайрат күшім, тірегім, Асыл анам, алақаным, ақ жаулығым, жүрегім. Өмір сыйлап балаларға, Немере мен шөбере сүйіп жүрген кез еді.

Айрылдық бір мезетте екеуіңнен мәңгілікке, жоғалтып үйдің тірегің. Қалды есте жарқын бейнелерің, жан жылуың, Жымыйып қарап күлгенің. Не шара, сарғаймыз, сағынамыз, Тағдырдың салғанына бағынамыз. «Бір Алла жар болсын» деп аруағыңа, Қол жайып, Жаратқанға табынамыз.

23 қыркүйекте сағ. 12.00-де Катонқарағай ауылдық қатымханасында ата-анамыздың аруақтарына арналып құран бағышталып, жылдық асы беріледі. Асқа барлық туған-туыстарымызды, құда-құдағиларымызды, ауылдастарымызды, жолдастарымызды, ұжымдарымызды шақырамыз.

Еске алушылар: балалары, немерелері.

Катонқарағай ауылының тұрғыны болған аяулы да асыл анамыз, ардақты әкеміз РАХИЛА ОМАРҚЫЗЫ ДӘРІПОВАНЫ сағынышпен еске аламыз.

Анажан шаңыраққа едің пана, Жамандық ойламаушы ең ешбір жанға.

Амал не жоқсыз бүгін арамызда, Сағындық, ана, Сізді баршамыз да.

Жан ана, ұл-қызыңның тірегі едің, Тірі болсаң жарқылдап жүрер едің. Болмасаңда бүгін біздің жанымызда,



Айтқан сөзің, тәрбиенің жадымызда. Сағыныштан жанымыз жабырқаулы, Әулетің әр күн сайын еске алады. Өзіңізбен өткізген бақытты шақ, Өмірбойы жүректе сақталады.

26-қыркүйек күні сағат 12.00-де Катонқарағай ауылындағы қатымханада анамыз Рахила Омарқызының өмірден озғанына 40 күн болуына орай қатым түсіріп ас береміз. Соған барлық туған-туысқандарымызды, ауылдастарымызды әріптестерімізді шақырамыз.

Еске алып, асқа шақырушылар: Дәріповтар отбасы.

Катонқарағай ауылының тұрғыны, ардақты ана, асыл жар болған БАЙБОЛДИНОВА НӘЗИЛӘ СОЛТАНҚЫЗЫНЫҢ о дүниелік болғанына бір жыл толуына орай сағынышпен еске аламыз.

Кенеттен кеттің өмірден, «Жазымыштан жоқ-ау озымыш».

Қалыңдай түскен көңілден, Басылмайды екен сағыныш.



Асыл бейнең көздің алдынан, Ешқашан да кетпейді. Шуақ шашып тұрар бойыңнан Мейірімде ана, жетпейді.

Жатқан жеріңіз жайлы, иманыңыз жолдас болсын! 24-қыркүйек күні сағ.12.00-де Катонқарағай ауылындағы қатымханада анамыздың бір жылдық асын береміз. Соған барлық туған-туысқандарымызды, құда-жегжаттарымызды, жолдастарымызды, ауылдастарымызды шақырамыз.

Еске алып, асқа шақырушылар: ұл-қыздары.

Меншік иесі «Шығыс Ақпарат» ЖШС-і. Директоры М.Ә.Белдекбаев

Компьютерлік беттеу операторы: Жайдары Нұрғазина
Газет нөмірі бойынша кезекші:
Жанар Қасымханова

Катонқарағай ауданы бойынша «Шығыс Ақпарат» ЖШС-нің бөлімі «Арай» - «Луч» газеті Бас редактор Жомарт Жақыпов

Телефондар:
Директор-редактор - 8(72-341) 2-90-60,
Тілшілер - 2-11-53, 2-19-79.
Бухгалтер - 2-19-96.
Компьютер цехы (факс) - 2-14-60.
Катондағы тілшілер қосыны - 2-13-71.
Мекен-жайы: 070900, Үлкен Нарын ауылы, Абылайхан көшесі, № 96 үй.
e-mail: arai-luch@mail.ru

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде тіркеліп, 04. 05. 2015 жылы № 15348-Г тіркеу туралы куәлік берілген. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Қолжазбалар өңделмейді және қайтарылмайды. W белгісі қойылған мақалалар жарнама ретінде жарияланады. Газет «Арай» - «Луч» компьютерлік цехында теріліп, беттелді. Мекенжайы: 070900, Катонқарағай ауданы, Үлкен Нарын ауылы, Абылайхан көшесі, № 96 үй. Газет «Шығыс - Ақпарат» ЖШС баспаханасында басылды. Әскемен қаласы, Бажов көшесі, 12. Тел: 8 (723-2)75-15-38. Жарнамалар мен хабарландырулар мәтіндерінің дұрыстығы үшін редакция жауап бермейді.

Газет жұма күні қазақ және орыс тілдерінде шығады. Офсетті басылым. Көлемі 2 баспа табақ. **Индексі: «Арай» 6 айға - 19313, 12 айға - 19351; «Луч» - 6 айға -19314 12 айға - 19352.** Нөмірдің таралымы - 2465 дана: «Арай»-1430, «Луч»-1035. № 7826